# 600C сериялы жүгері жинағыш тіркемелері (С.Н. 795001 — )

## МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

## 600C сериялы жүгері жинағыш тіркемелері

OMHXE103852 ШЫҒАРЫЛЫМЫ G6 (KAZAKH)

**John Deere Harvester Works**
**Экспорттық шығарылым**
PRINTED IN U.S.A.

## Алғы сөз

Машинаны басқаруды және қызмет көрсетуді дұрыс орындау туралы мәліметтерді алу үшін ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫҢЫЗ. Бұлай істемеу жеке жарақатқа немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Бұл нұсқаулық пен машинаңыздағы қауіпсіздік белгілері басқа тілдерде де берілуі мүмкін. (Тапсырыс беру үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.)

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚ МАШИНАҢЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНУЫ КЕРЕК және сатылғанда бірге берілу керек.

Осы нұсқаулықтағы ӨЛШЕМДЕР метрикалық және дәстүрлі АҚШ бірлік эквиваленттерінде берілген. Тек дұрыс қосалқы бөлшектер мен дәнекерлерді қолданыңыз. Метрикалық және дюймдік дәнекерлер арнайы метрикалық немесе дюймдік гайка кілтін қажет етуі мүмкін.

ОҢ ЖАҚ ЖӘНЕ СОЛ ЖАҚ аспа құралдың алға қарай жүрген кезінде қозғалу бағытына бет бұру арқылы анықталады.

«Сипаттама» бөлімінде ӨНІМНІҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ НӨМІРЛЕРІН (P.I.N.) ЖАЗЫҢЫЗ. Машина ұрланған жағдайда іздеуге көмектесу үшін барлық нөмірлерді мұқият жазып алыңыз. Сондай-ақ, сіз бөлшектерге тапсырыс бергенде де дилерге осы нөмірлер қажет болады. Идентификациялық нөмірлерді машинадан тыс қауіпсіз жерде сақтаңыз.

КЕПІЛДІК құрылғыларды осы нұсқаулықта сипатталғандай басқаратын және техникалық қызмет көрсететін John Deere тұтынушыларына қолдау көрсету бағдарламасының бір бөлігі ретінде қамтамасыз етіледі. Кепілдік шарттары дилеріңізден алынатын кепілдік жөніндегі сертификатта түсіндірілуі керек.

Осы кепілдік сізді John Deere кепілдік мерзімінің ішінде ақаулары анықталған өнімдерді қайтарып алатындығы туралы растаумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, кейбір жағдайларда John Deere салалық жақсартулар қамтамасыз етеді, әдетте олар үшін тұтынушыдан қосымша төлем талап етілмейді, тіпті өнімнің кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда да. Егер құрылғы дұрыс пайдаланылмаған немесе бастапқы зауыттық сипаттамаларынан өзгертілген болса, онда кепілдік өз күшін жоғалтады және салалық жақсартулар да ұсынылмауы мүмкін. Отын жеткізуді сипаттамалардан өзгеше баптау немесе машиналарды басқаша өшіру осы сияқты нәтижеге апарады.

Егер сіз осы машинаның бастапқы иесі болмасаңыз, осы құрылғының сериялық нөмірі жайында John Deere дилерімен хабарласу Сіздің мүддеңізде. Бұл John Deere компаниясына кез келген шығарылымдар немесе өнімнің жетілдірулері туралы хабарлауға көмектеседі.

DX,IFC2A -KK-03APR09-1/1

## Идентификация көрінісі



H102469 —UN—29JUN11

SS43267,00002FF -KK-01NOV13-1/1

# Мазмұны

Бет

**Қауіпсіздік белгілері**
Хедердің қауіпсіздік белгілері..........................05-1

**Қауіпсіздік**
Қауіпсіздік ақпаратын тану ..............................10-1
Белгі беретін сөздерді түсіну...........................10-1
Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау..............10-1
Испан қауіпсіздік таңбалары және механик-жүргізуші нұсқаулығы ...................10-2
Жерге қауіпсіз тию үшін балласттау................10-2
Машинаны тұраққа қою және қалдыру............10-2
Оқыс жағдайларға дайындалу.........................10-3
Қорғаушы киімді кию.........................................10-3
Жинау құралдарынан ары тұру........................10-3
Қауіпсіздік шамдарын және құрылғыларын пайдалану...........................10-4
Қондырмасы бар комбайнды қауіпсіз тасымалдау..................................................10-4
Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы......10-5
Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету...............10-6
Пісіру немесе қыздыру алдында бояуды алу ..................................................10-6
Қысымдалған сұйықтық желілерінің жанында қыздыруды болдырмау ................10-7
Шатасуды болдырмау ......................................10-7
Жылжитын бөліктерге тиюді болдырмау ........10-7
Айналатын трансмиссиялардан аулақ тұру.....................................................10-8
Қорғауыштар және қалқандар..........................10-8
Жоғары қысымды сұйықтықтарды болдырмау ..................................................10-8
Аккумулятор жүйелеріне қауіпсіз қызмет көрсету..............................................10-9
Машиналарға қауіпсіз қызмет көрсету ............10-9
Жетек белдіктеріне қауіпсіз қызмет көрсету ...10-9
Жоғары қысымды бүркуінен сақтау...............10-10
Пайдаланудан шығару — Сұйықтықтар мен құрамдастарды тиісті түрде қайта өңдеу және кәдеге жарату ............................................10-10
Машинаға тиісті қолдау көрсету .................... 10-11
Тіркемелерді қауіпсіз сақтау.......................... 10-11

**Қауіпсіздік белгілері**
Жапсырмалы қауіпсіздік белгілері...................15-1
Қауіпсіздік белгілерін ауыстыру.......................15-1
Хедерге қысылу ................................................15-1

Бет

Айналмалы трансмиссия ................................15-2
StalkMaster™ жүгері жинағыш тіркемелері .....15-2
Жүгері жинағыш тіркемесінің тасымалдау салмағы ..................................15-3
Хедерге қысылу ...............................................15-3

**Тасымалдау**
Тіркемеде тасымалдау ....................................20-1
Комбайнда тасымалдау ..................................20-2

**Бекіту және ажырату**
Жүгері жинағыш тіркемесін беріліс механизмі корпусына бекіту.........................25-1
Жүгері жинағыш тіркемесін Pre 60 сериялы беріліс механизмінің корпусына бекіту..........................................25-4
Егін орғышқа немесе жүгері тазалағышына жүгері жинағыш тіркемесін бекіту ..........................................25-4
Беріліс механизмі корусынан жүгері жинағыш тіркемесін ажырату .....................25-5
Жеке нүктелі ысыру—Баптау...........................25-6
Тегіс жер беріліс механизмі корпусы кабелінің төменгі шеті – баптау ..................25-8
Беріліс механизмі корпусының ысыру істіктері (тазалау).............................25-8
Беріліс механизмі корпусын ашу ....................25-8
Ысыру механизмі кабелінің кесетін бұрандасының орны....................................25-9

**Калибрлеу және параметрлер**
Қашан калибрлеу қажет ..................................30-1
Калибрлеудің қате кодтары.............................30-1
S сериялық комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері.....30-1
70 сериялы комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері.....30-2
50/60 сериялы комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері.....30-2
Беріліс механизмі корпусының тастау жылдамдығын және сезімталдылығын баптау — S және 70 сериялы комбайндар .....................30-7
Беріліс механизмі корпусының тастау жылдамдығын және

**Келесі бетте жалғасады**

*Бастапқы нұсқаулықтар. Осы нұсқаулықтағы барлық ақпараттар, суреттер және сипаттамалар жариялым кезіндегі қол жетімді ең соңғы ақпараттарға негізделген. Жариялаушы кез келген уақытта өзгертулерді ескертусіз енгізуге құқылы.*

COPYRIGHT © 2016
DEERE & COMPANY
Moline, Illinois
All rights reserved.
A John Deere ILLUSTRUCTION ™ Manual

Бет

сезімталдылығын баптау — 60 сериялы және ескі комбайндар ....30-8

**Жүгері жинағыш тіркемесін басқару**
Жалпы ақпарат ....35-1
Абайлап жүргізу және басқару ....35-1
Жүгері жинағыш тіркемесінің қозғалыс жылдамдығы ....35-1
Шынтақ таянышы функциялары ....35-2
Белсенді хедерді басқару дисплейі—функциялары ....35-3
Хедер биіктігін автоматты басқару жүйелерінің сипаттамасы ....35-4
Жүгері жинағыш тіркемесін қосу/ажырату жетегі ....35-5
Негіздік тақтаны басқару және растау ....35-6
Жылдамдығы өзгермелі беріліс механизмінің корпусы бар 50, 60 және 70 сериялы комбайндар ....35-7
Өзгермелі белдік жетекті беріліс механизмінің корпусы бар 00 және 10 сериялы комбайндар ....35-7
Жылдамдығы бекітілген беріліс механизмі корпусы бар комбайндар ....35-8
Дәнді әлсіреген немесе сынған сабақтармен жинау ....35-8
Жүгеріні жинау ....35-8
Жинауыштар ....35-8
Сошниктер ....35-9
Шнек ....35-9
Гидравликалық жолмен бапталатын негіздік тақталар ....35-9
Сыртқы жинауыш кеңейтімдері ....35-10
Ішкі жинауыш нүктелерін және қалқандарды көтеру және алу ....35-10
Сыртқы жинауыш нүктелерін және қалқандарды көтеру және еңкейту ....35-12
Шнек еденін тазалау есігі ....35-12
StalkMaster™ шалғыш пышақтарын қосу және ажырату ....35-13

**Тіркемелер мен параметрлер**
Масақ сақтағыштар ....40-1
Сабақ роликтері ....40-2
Active Header Control жер датчиктері ....40-2
StalkMaster™ шалғыштың беріліс қораптары (қосымша) ....40-3
AutoTrac RowSense ....40-3
Пая шамдары ....40-4

**Баптаулар—Жүгері жинағыш тіркемесі**
Жинауыш нүктелерін баптау және теңгеру ....45-1
Қоқыс пышақтарын баптау ....45-2
Жинауыш шынжырдың керілісін баптау ....45-2
Жинауыш шынжыр түйіндерін баптау ....45-3
Негіздік тақталарды баптау ....45-4
Сошник жетегінің шынжырын баптау ....45-4

Бет

Сошниктің жетек жұлдызшаларын жылдамдығы бекітілген жетекпен ғана баптау ....45-6
Шнек биіктігін баптау ....45-7
Төменгі масақ терушіні баптау ....45-9
Шынжырды қосу ....45-9
Шнек жетегінің шынжырын баптау ....45-10

**Майлау**
Май ....50-1
Майларды сақтау ....50-1
Баламалы және синтетикалық майлар ....50-1
Майларды араластыру ....50-2

**Майлау және техникалық қызмет көрсету**
Майлау аралығының кестесі ....55-1
Әр 200 сағат жұмыс істеген сайын ....55-1
Әр 1000 сағат жұмыс істеген сайын ....55-6

**Ақаулықтарды жою**
Жүгері жинағыш тіркемесі ....60-1
Active Header Control (AHC) ....60-4

**Қызмет көрсету**
Гидравликалық цилиндрдің қауіпсіздік тіреуіші ....65-1
Сабақ роликтерін алу және орнату ....65-2
Жинауыш шынжырларды және жұлдызшаларды қосымша тозу үшін аудару ....65-6
Жинауыш шынжырын алу және орнату ....65-7
Майжинағышты алу және орнату ....65-8
Тозу таспаларын алу және орнату ....65-10
StalkMaster™ шалғыш пышағының жүздерін алу және орнату ....65-10
Пая шамының лампочкасын ауыстыру ....65-11
Хедердің ескерту шамының лампочкасын ауыстыру ....65-11

**Сақтау**
Маусымдық қызметтің соңы ....70-1
Маусымдық қызмет көрсетудің басы ....70-1

**Сипаттамалар**
Сипаттамалар ....75-1
Машина қауіпсіздігін сақтау ....75-3
Хедердің идентификациялық нөмірі ....75-3
Меншік дәлелдігін алу ....75-3
ЕО Сәйкестік туралы декларация ....75-4
Еуразиялық экономикалық одақ ....75-4
Машинаның белгіленген қызмет мерзімі ....75-5
Біріккен дюймдік болт және бұранданың айналдыру моментінің мәндері ....75-6
Метрикалық болт және бұранданың айналдыру моментінің мәндері ....75-7

## Хедердің қауіпсіздік белгілері




A—Ескерту шамы
B—Қайтарғыш таспа
C—Қауіпсіздік жапсырмалары
D—Жетекші білік қалқандары
E—Перделер (Шалғыш үлгілері ғана)

Мұнда көрсетілген қауіпсіздік сипаттамаларына қоса, қосымша жапсырмалар және Механик-жүргізуші нұсқаулығында көрсетілген қауіпсіздік хабарлары мен нұсқаулары осы жүгері жинағыш тіркемесінің тиісті жұмысына қатысты болады.

DM84283,00006F5 -KK-21MAY15-1/1

## Қауіпсіздік ақпаратын тану

Бұл – дабыл белгісі. Машинаңыздан немесе осы нұсқаулықтан бұл белгіні көргенде адам жарақаттану мүмкіндігіне сақ болыңыз.

Ұсынылған алдын алу шаралары мен қауіпсіз технологиялық режимді орындаңыз.



T81389 —UN—28JUN13

DX,ALERT -KK-29SEP98-1/1

## Белгі беретін сөздерді түсіну

Белгі беретін —ҚАУІП, САҚТАНДЫРУ немесе ЕСКЕРТУ— сөздері дабыл белгілерімен бірге пайдаланылады. ҚАУІП аса қауіпті қатерлерді білдіреді.

ҚАУІП немесе САҚТАНДЫРУ ескерту белгілері белгілі бір қауіпті жерлердің жанында орналасады. Жалпы алдын алу шаралары ЕСКЕРТУ белгілер қатарында тізімделген. ЕСКЕРТУ, сондай-ақ, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздік хабарларына назар аударуды талап етеді.




TS187 —KK—03AUG12

DX,SIGNAL -KK-03MAR93-1/1

## Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау

Осы нұсқаулықтағы және машинаңыздың ескерту белгілеріндегі барлық қауіпсіздік хабарламаларын мұқият оқып шығыңыз. Ескерту белгілерін жақсы күйде сақтаңыз. Жоғалып қалған немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Жаңа құрылғы құрамдастары мен қосалқы бөлшектерінің қазіргі ескерту белгілері барлығына көзіңізді жеткізіңіз. Ескерту белгілерінің алмасуын John Deere дилерінен алуға болады.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.

Машинаның қызметі мен басқару құралдарын дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Ешбір адамға нұсқаулықсыз жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз.

Машинаңызды дұрыс жұмыс істеу жағдайында сақтаңыз. Машинаға өздігіңізден өзгертулер енгізу қызметі мен/немесе қауіпсіздігін нашарлатуы және машинаның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.



TS201 —UN—15APR13

Егер бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін түсінбесеңіз және көмек қажет етсеңіз, John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,READ -KK-16JUN09-1/1

## Испан қауіпсіздік таңбалары және механик-жүргізуші нұсқаулығы

Осы машинаға механик-жүргізуші нұсқаулығы мен қауіпсіздік таңбаларының Испан нұсқасын рұқсат етілген John Deere дилерлерінен алуға болады. John Deere дилеріне хабарласыңыз.



TS201 —UN—15APR13

OUO6075,0000145 -KK-22MAY08-1/1

## Жерге қауіпсіз тию үшін балласттау

Комбайнның жұмыс, рульдік басқару және тежеу өнімділігіне комбайнның ауырлық орталығын өзгертетін ауыр алдыңғы тіркемелер қатты әсер етеді.

Қажетті жерге тиюді сақтау үшін қажет болса, комбайнның артын балласттаңыз.

Ең көп рұқсат етілетін оқпан жүктемелерін және жалпы салмақты сақтаңыз.



H51907 —UN—10FEB99

HX,AG,SF6782 -KK-05FEB99-1/1

## Машинаны тұраққа қою және қалдыру

Егін ору құралын жерге түсіріңіз.

Машинаны қалдырудың алдында егін ору құралы мен сепараторды ажыратыңыз. Мульти-функционалды иінтіректі нейтрал күйге қойып, машинаны ӨШІРІҢІЗ. Тұрақ тежеуішін орнатыңыз, кілтті шығарыңыз және механик-жүргізуші кабинасын құлыптаңыз.

Машинаны қосулы мотор күйінде бақылаусыз ұзақ уақыт бойы қалдырмаңыз.

Жүргізу кезінде жүргізуші кабинасынан ешқашан шықпаңыз.



TS230 —UN—24MAY89

OUO6075,0000AEB -KK-11FEB14-1/1

## Оқыс жағдайларға дайындалу

Өрт басталған жағдайға дайын болыңыз.

Медициналық дәрі қобдиша мен өртсөндіргішті жақын жерде ұстаңыз.

Дәрігерлердің, жедел жәрдем қызметінің, ауруханаының және өрт сөндіру қызметінің нөмірлерін телефоныңызға жақын жерде сақтаңыз.



TS291 —UN—15APR13

DX,FIRE2 -KK-03MAR93-1/1

## Қорғаушы киімді кию

Денеге жабысып тұратын киім киіңіз және жұмысыңызға сәйкес қауіпсіздік құрылғысын асыныңыз.

Құрылғыны абайлап қолдану механик-жүргізушінің толық назарын талап етеді. Машинаны айдау барысында радио немесе музыка құлаққаптарын кимеңіз.



TS206 —UN—15APR13

DX,WEAR2 -KK-03MAR93-1/1

## Жинау құралдарынан ары тұру

Қызметіне байланысты кесуші механизмді, шнекті, катушканы және беруші роликтерді толығымен қалқандау мүмкін емес. Жұмыс істегенде осы жылжымалы элементтерге жақындамаңыз. Қызмет көрсету немесе тазалау алдында әрқашан негізгі берілісті және моторды өшіріңіз, тұрақ тежеуішін қосыңыз және кілтті алыңыз.




ES118704 —UN—21MAR95

OUO6075,00009E5 -KK-28SEP10-1/1

## Қауіпсіздік шамдарын және құрылғыларын пайдалану




Жалпы жолдарда басқа жол пайдаланушыларымен, тіркемелері немесе сүйрелетін жабдығы бар баяу қозғалатын тракторлармен және өзі жүретін машиналармен соқтығысуларды болдырмаңыз. Арттағы қозғалысты жиі тексеріңіз, әсіресе бұрылыстарды және бұрылу сигнал шамдарын пайдаланыңыз.

Фар шамдарын, жыпықтайтын ескерту шамдарын және бұрылу сигналдарын күндіз де, түнде де пайдаланыңыз. Жабдық шамдары және белгілеуі бойынша жергілікті ережелерді ұстаныңыз. Шамдарды және белгілеуді көрінетін, таза және жақсы жұмыс күйінде сақтаңыз. Зақымдалған немесе жоғалған шамдарды және белгілеуді ауыстырыңыз немесе жөндеңіз. John Deere дилерінен қосымша қауіпсіздк шамдары жинағын алуға болады.

DX,FLASH -KK-07JUL99-1/1

## Қондырмасы бар комбайнды қауіпсіз тасымалдау




Мүмкіндігінше хедер қосылған машинаны қоғамдық жолдарда тасымалдамаңыз.

Егер комбайнды бекітілген хедермен тасымалдау қажет болса, хедердегі жыпықтайтын ескерту шамдарының қызмет көрсеткенін және жылтыр материалдың таза және көрінетінін тексеріңіз.

Түзетуші мен көлік бағыттауышын пайдалану ыңғайсыз, тар немесе еңісті жолдарда және көпірден өткен кезде ұсынылады.

Жағдайлар үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүргізіңіз.

OUO6075,0000034 -KK-22JAN01-1/1

## Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы




H100048 —UN—03FEB11

**S** *сериясы көрсетілген*




H90140 —UN—15OCT07

*70 сериясы көрсетілген*




H52044 —UN—31MAR99

*50 және 60 сериясы көрсетілген*

**A—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**

Машинаны жолда тасымалдағанда, жолда тасымалдауды ажырату қосқышы (A) жол күйінде болуы керек.

Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы басылған кезде қосқыштың жол күйіне орнатылғанын көрсететін көрсеткіш шамы ҚОСЫЛАДЫ. Жолда тасымалдауды ажырату қосқышы келесі функцияларды болдырмайды:

- Хедер биіктігін растау
- Хедер биіктігін көрсету
- Бүйірлік еңкею
- Катушканы көтеру/түсіру және катушканы алға/артқа жылжыту
- Түсіру шнегі
- Шнектің шайқалуы
- Қуат тасушы шнегі (жабдықталған болса)
- Сепараторды қосу
- Хедерді қосу
- Хедерді көтеру/түсіру

Машинаны жолда тасымалдау және алқапта қызмет көрсету қажет болғаннан кейін, жолда тасымалдауды ажырату қосқышын **екі секунд** бойы басып, көрсеткіш шамына ӨШІРУЛІ күйіне орнатылуға және қалаған қосқыш функцияларына қайта қызмет көрсетуге мүмкіндік беріңіз.

SS43267,00003FE -KK-26JUN14-1/1

## Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету

Жұмысты орындау алдында қызмет үрдісін түсініңіз. Аймақты таза және құрғақ сақтаңыз.

Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан майламаңыз, қызмет көрсетпеңіз немесе баптамаңыз. Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерден ары ұстаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз. Аспа құралды жерге түсіріңіз. Моторды өшіріңіз. Кілтті шығарыңыз. Машинаны салқындатыңыз.

Қызмет жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Барлық бөліктерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөліктерді ауыстырыңыз. Қонған майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Өзі жүретін жабдықта электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіру алдында батареяның жерге қосу сымжелісін (-) ажыратыңыз.

Сүйрелетін аспа құралдарда, электр жүйесінің құрамдастарына қызмет көрсету немесе машинада пісіру алдында трактордан сымдарды ажыратыңыз.



TS218 —UN—23AUG88

DX,SERV -KK-17FEB99-1/1

## Пісіру немесе қыздыру алдында бояуды алу

Ықтимал улы булы заттардан және шаңнан абай болыңыз.

Пісіру, дәнекерлеу немесе газ кескішін пайдаланып бояуды қыздырғанда қауіпті булы заттар пайда болуы мүмкін.

Қыздыру алдында бояуды алыңыз:

- Қыздыру әсер ететін аймақтан ең азы 100 мм-ге (4 дюйм) дейін бояуды алыңыз. Бояуды алу мүмкін емес болса, қыздыру немесе пісіру алдында бекітілген газ тұтқышты киіңіз.
- Бояуды топырақпен немесе жонып алсаңыз, шаңды жұтпаңыз. Бекітілген газ тұтқышты киіңіз.
- Еріткішті немесе бояу түсіргішті пайдалансаңыз, пісіру алдында түсіргішті сабын және сумен жуып тастаңыз. Аймақтан еріткіш немесе бояу түсіргіш контейнерлерін және басқа тұтанғыш материалдарды алып тастаңыз. Пісіру немесе қыздыру алдында булы заттардың ең кемі 15 минут бойы ашылуына мүмкіндік беріңіз.



TS220 —UN—15APR13

Пісіру орын алатын аймақтарда хлорлы еріткішті пайдаланбаңыз.

Бүкіл жұмысты улы булы заттарды және шаңды алып кететін жақсы желдетілетін аймақта орындаңыз.

Бояуды және еріткішті тиісті түрде тастаңыз.

DX,PAINT -KK-24JUL02-1/1

## Қысымдалған сұйықтық желілерінің жанында қыздыруды болдырмау

Қысымдалған сұйықтық желілерінің жанында қыздыру тұтанғыш аэрозольды тудырып, сіздің және жаныңызда тұрған адамдардың қатты күйіктер алуына әкелуі мүмкін. Қысымдалған сұйықтық желілері немесе басқа тұтанғыш материалдардың жанында пісіру, дәнекерлеу немесе газ кескішін пайдаланып қыздырмаңыз. Қысымдалған желілер қызу тікелей тұтану аймағының астында болғанда кездейсоқ жарылуы мүмкін.



TS953 —UN—15MAY90

DX,TORCH -KK-10DEC04-1/1

## Шатасуды болдырмау

Қысылуды болдырмау үшін жинау материалын машинаға қолмен бермеңіз немесе жұмыс істеп жатқанда машинаны ажыратуға әрекет жасамаңыз. Сіз материалдағы қысымды босатқанша, машина егін материалын тезірек себе алады.




H45810 —UN—22JUL93

SS43267,0000113 -KK-10SEP12-1/1

## Жылжитын бөліктерге тиюді болдырмау

Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерге жақындатпаңыз. Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан тазаламаңыз, майламаңыз немесе баптамаңыз.



TS256 —UN—23AUG88

JK22594,00000E3 -KK-15AUG06-1/1

## Айналатын трансмиссиялардан аулақ тұру

Айналмалы трансмиссияда шатасу ауыр жарақатқа не өлімге апарып соғуы мүмкін.

Қалқандарды әрқашан орнында сақтаңыз. Айналатын қалқандардың еркін айналатындығына көз жеткізіңіз.

Денеге жабысып тұратын киим киіңіз. Моторда немесе машина жүргізетін жабдықта реттеулерді, қосылымдарды жасау немесе кез келген қызмет көрсетуді орындау алдында моторды тоқтатып, барлық айналатын бөліктер мен трансмиссиялар тоқтатылғанын тексеріңіз.



TS1644 —UN—22AUG95

DX,ROTATING -KK-18AUG09-1/1

## Қорғауыштар және қалқандар

Қорғауыштарды және қалқандарды әрқашан орнында сақтаңыз. Оларға қызмет көрсетуге болатынын және дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Кез келген қорғауыштарды немесе қалқандарды алу алдында әрқашан негізгі берілісті өшіріңіз, моторды өшіріңіз және кілтті шығарыңыз.

Қолдарды, аяқтарды және киімді қозғалатын бөліктерден ары ұстаңыз.



TS285 —UN—23AUG88

JK22594,00000E5 -KK-15AUG06-1/1

## Жоғары қысымды сұйықтықтарды болдырмау

Қысыммен шығып жатқан сұйықтық теріге еніп, қатты зақым тигізуі мүмкін.

Гидравликалық немесе басқа желілерді ажырату алдында қысымды шығару арқылы қауіпті болдырмаңыз. Қысымды қолдану алдында барлық қосылымдарды бекемдеңіз.

Картон бөлігімен кемулерді іздеңіз. Жоғары қысымды сұйықтықтардан қолдарыңызды және денеңізді қорғаңыз.

Егер апат орын алса, бірден дәрігерге барыңыз. Теріге енген кез келген сұйықтықты хирургиялық жолмен шығару керек, әйтпесе гангрена пайда болуы мүмкін. Осы зақым түрімен таныс емес дәрігерлер хабары бар медициналық көзден анықтама алуы керек.



X9811 —UN—23AUG88

Мұндай ақпаратты ағылшын тілінде АҚШ, Иллинойс, Молин қаласындағы Deere & Company медициналық бөлімінен 1-800-822-8262 немесе +1 309-748-5636 телефонына қоңырау шалу арқылы алуға болады.

DX,FLUID -KK-20AUG09-1/1

## Аккумулятор жүйелеріне қауіпсіз қызмет көрсету



TS281 —UN—15APR13

Желдету, гидравликалық және пневматикалық тежеу жүйелерінде қолданылатын қысымдалған аккумуляторлары бар жүйелерден сұйықтықтың немесе газдың шығуы қатты зақым тигізуі мүмкін. Қатты ыстық аккумулятордың жарылуына әкелуі мүмкін, сөйтіп қысымдалған желілер кездейсоқ кесілуі мүмкін. Қысымдалған аккумулятордың немесе қысымдалған желінің жанында пісірмеңіз немесе газ кескішін пайдаланбаңыз.

Аккумуляторды алу алдында қысымдалған жүйеден қысымды босатыңыз.

Аккумуляторды алу алдында гидравликалық жүйеден қысымды босатыңыз. Ешқашан гидравликалық жүйе немесе аккумулятор қысымын фитингті босату арқылы шығаруға әрекеттенбеңіз.

Аккумуляторларды жөндеу мүмкін емес.

DX,WW,ACCLA2 -KK-22AUG03-1/1

## Машиналарға қауіпсіз қызмет көрсету



TS228 —UN—23AUG88

Ұзын шашты артқа жинаңыз. Машина құралдарының немесе қозғалатын бөліктердің жанында жұмыс істегенде галстук, шарф, бос киім кимеңіз немесе алқа тақпаңыз. Егер бұл заттар ілініп қалса, қатты жарақат алуыңыз мүмкін.

Қысқа тұйықталуларды және қозғалатын бөліктерге оралуды болдырмау үшін сақиналарды және басқа зергерлік бұйымдарды алыңыз.

DX,LOOSE -KK-04JUN90-1/1

## Жетек белдіктеріне қауіпсіз қызмет көрсету



TS285 —UN—23AUG88

Жетек белдіктеріне қызмет көрсеткенде келесі сақтық шараларын әрқашан орындаңыз:

- Қол мен тұтқаның шатасуынан қатты жарақатты болдырмаңыз. Машина жұмыс істеп тұрғанда ешқашан белдіктерді тазалауға, тексеруге немесе баптауға әрекет жасамаңыз. Әрқашан моторды өшіріңіз, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.
- Белдіктерді тұтанатын тазалағыш ерітінділермен тазалауға әрекет жасамаңыз.

OUO6075,00026A4 -KK-06FEB03-1/1

## Жоғары қысымды бүркуінен сақтау

Жоғары қысымды түтікшелерінің бүркуі теріге еніп, қатты зақым тигізуі мүмкін. Бүркуді қолдарға және денеге тигізбеңіз.

Апат орын алса, бірден дәрігерге барыңыз. Теріге енген кез келген жоғары қысымды бүркуді хирургиялық жолмен шығару керек, әйтпесе гангрена пайда болуы мүмкін. Осы зақым түрімен таныс емес дәрігерлер хабары бар медициналық көзден анықтама алуы керек. Мұндай ақпаратты АҚШ, Иллинойс, Молин қаласындағы Deere & Company медициналық бөлімінен алуға болады.



TS1343 —UN—18MAR92

DX,SPRAY -KK-16APR92-1/1

## Пайдаланудан шығару — Сұйықтықтар мен құрамдастарды тиісті түрде қайта өңдеу және кәдеге жарату



TS1133 —UN—15APR13

Машинаны және/немесе құрамдасты пайдаланудан шығару кезінде қауіпсіздік және қоршаған орта басқару шараларға назар аудару қажет. Бұл шараларға төмендегілер кіреді:

- Заттарды немесе материалдарды алу немесе өңдеу кезінде киім, қолғап, бет қалқандары немесе көзілдіріктер сияқты тиісті құралдар мен жеке қорғаныс жабдықты пайдаланыңыз.
- Көрсетілген құрамдастар үшін нұсқауларды орындаңыз.
- Машинаның аспалы элементтерін төмендету, серіппелерді босату, батареяны немесе басқа да электр қуатын ажырату және гидравликалық құрамдастар, аккумуляторлар және басқа да ұқсас жүйелерде қысымды босату арқылы сақталған энергияны босатыңыз.
- Тыңайтқыштар және пестицидтер сияқты ауылшаруашылық химикаттарының қалдықтары болуы мүмкін құрамдастарға әсерді азайтыңыз. Осы құрамдастарды тиісті түрде ұстап тастаңыз.
- Құрамдастарды қайта өңдеуден бұрын моторларды, отын бактарын, радиаторларды, гидравликалық цилиндрлерді, қоймаларды және желілерді абайлап төгіңіз. Сұйықтықтарды төккен кезде ақпайтын контейнерлерді пайдаланыңыз. Тамақ немесе сусын контейнерлерін пайдаланбаңыз.
- Қалдық сұйықтықтарды жерге, канализация құбырына немесе кез келген су көзіне төкпеңіз.
- Барлық ұлттық, мемлекеттік және жергілікті заңдарды, ережелерді немесе қалдық сұйықтықтарды (мысалы: май, отын, суыту сұйықтық, тежеуіш сұйықтығы); сүзгілерді; батареяларды және басқа да субстанцияларды немесе бөлшектерді өңдеу және/немесе кәдеге жаратуды басқару туралы қаулыларды қарап шығыңыз. Тұтанғыш сұйықтықтар немесе құрамдастарды арнайы жасақталған қоқыс жағу пештерінен басқа жерлерде өрттеу заңмен тыйым салынған болуы мүмкін және оның нәтижесінде қауіпті түтіндер мен күлдер пайда болуы мүмкін.
- Ауа салқындату жүйесіне тиісті түрде қызмет көрсетіңіз және тастаңыз. Үкімет ережелері шығарылуға рұқсат етілген болса, атмосфераға зиян келтіруі мүмкін желдету жүйесінің салқындатқыш затын куәліктендірілген қызмет көрсету орталығында қалпына келтіруді және қайта пайдалануды талап етуі мүмкін.
- Ішінара немесе толығымен қайта өңдеуге болатын шиналар, металл, пластик, шыны, резеңке және электрондық құрамдастар үшін қайта өңдеу опцияларын бағалаңыз.
- Қоқысты тиісті түрде қайта өңдеу немесе кәдеге жарату бойынша ақпарат алу үшін, жергілікті қоршаған орта немесе қайта өңдеу орталығына немесе John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,DRAIN -KK-01JUN15-1/1

## Машинаға тиісті қолдау көрсету




Машинада жұмыс істеу алдында әрқашан тіркемені немесе аспа құралды жерге түсіріңіз. Жұмыс машинаны немесе тіркемені көтеруді қажет етсе, оларды қауіпсіз тіреңіз. Көтерілген күйде қалдырылса, гидравликалық тіреліп тұрған құрылғылар төмен түсуі немесе олардан сұйықтық ағуы мүмкін.

Машинаны үздіксіз жүктемеден үгітілуі мүмкін шлак кірпіштерімен, тесік кірпіштермен немесе заттармен тіремеңіз. Тек көтеру құрылғысымен тірелген машинаның астында жұмыс істемеңіз. Осы нұсқаулықтағы ұсынылған үрдістерді ұстаныңыз.

Машинамен бірге аспа құралдар немесе тіркемелер пайдаланылғанда, әрқашан аспа құрал немесе тіркеме механик-жүргізушісінің нұсқаулығында тізілген қауіпсіздік шараларын ұстаныңыз.

DX,LOWER -KK-24FEB00-1/1

## Тіркемелерді қауіпсіз сақтау




Қос доңғалақ, тор доңғалақтар және жүктегіштер сияқты сақталатын тіркемелер құлап, ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Құлауын болдырмау үшін тіркемелерді және аспа құралдарды қауіпсіз сақтаңыз. Ойнап жатқан балаларды және бақылаушыларды сақтау аймағына жақындатпаңыз.

DX,STORE -KK-03MAR93-1/1

## Жапсырмалы қауіпсіздік белгілері

Машинаның кейбір маңызды жерлерінде ықтимал қауіпті білдіретін қауіпсіздік белгілері жапсырылады. Қауіп ескерту үшбұрышындағы суретпен көрсетілген. Жанындағы сурет жеке жарақатты болдырмау әдісі туралы ақпарат береді. Осы қауіпсіздік белгілері, олардың машинадағы орналасуы және қысқа түсіндірме мәтін төменде көрсетілген.




TS231 —KK—03AUG12

SS43267,00000E8 -KK-19JUN12-1/1

## Қауіпсіздік белгілерін ауыстыру

Жоқ немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Қауіпсіздік белгілердің дұрыс орналасуы үшін машинаның механик-жүргізуші нұсқаулығын пайдаланыңыз.

Осы механик-жүргізуші нұсқаулығында жазылмаған жеткізушілерден алынған бөлшектерде және құрамдастарда қауіпсіздік турлы қосымша ақпарат болуы мүмкін.




TS201 —UN—15APR13

DX,SIGNS -KK-18AUG09-1/1

## Хедерге қысылу

Жарақат алуды немесе өлімді болдырмау үшін тазалау алдында моторды ӨШІРІҢІЗ. Жинау құралдарындағы роликтер сіз сабақты жібергеннен тезірек қозғалады.



H106348 —UN—08JAN13

SS43267,00002BE -KK-27JUN13-1/1

## Айналмалы трансмиссия

Айналмалы трансмиссияға түсу ауыр жарақат алуға не өлімге апарып соғуы мүмкін. Барлық қалқандарды орнында сақтаңыз. Айналатын бөліктерге тиюді болдырмаңыз.



H106349 —UN—08JAN13

SS43267,00002BF -KK-27JUN13-1/1

## StalkMaster™ жүгері жинағыш тіркемелері

Айналатын сабақ пышақтарынан немесе лақтырылған заттардан ауыр жарақат алуды болдырмаңыз. StalkMaster™ жүгері жинағыш тіркемесі жұмыс істеп тұрғанда жақындамаңыз.



H106350 —UN—08JAN13

*StalkMaster – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

SS43267,000063E -KK-06JUL15-1/1

## Жүгері жинағыш тіркемесінің тасымалдау салмағы

Бұл жүгері жинағыш тіркемесінің тасымалдау салмағы 3630 кг-нан (8000 фунт) асады. Басып қалудан жарақат алуды болдырмау үшін тиісті көтеру және жүктеу мүмкіндіктері бар көтеру құрылғысын пайдаланыңыз. Бастың дәл салмағын "Сипаттамалар" бөлімінде қараңыз.



H106516 —UN—17JAN13

SS43267,00002C1 -KK-27JUN13-1/1

## Хедерге қысылу

Шатасудан қатты жарақатты болдырмаңыз. Тазаланатын есіктерді ашудың алдында моторды өшіріп, кілтті алыңыз.



H106351 —UN—08JAN13

SS43267,00002C2 -KK-27JUN13-1/1

## Тіркемеде тасымалдау

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Енге, шамдарға және белгілерге қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.**

**МАҢЫЗДЫ: Мүмкін болғанда, комбайнды жүгері жинағыш тіркемесі бекітілген күйде тасымалдамаңыз. Мүмкін болса, жүгері жинағыш тіркемесін жүк автомобилінде немесе хедер тіркемесінде тасымалдаңыз.**

**Тіркемені жасап шығарушының қауіпсіз тасымалдау процедураларына қатысты ұсыныстарын орындаңыз. Мұндай нұсқаулар жоқ болса, мына нұсқауларды орындаңыз:**

- **Тежеуіштер жабдықталмаған тіркемеде 32 км/сағ-тан (20 миль/сағ) асатын және тежеуіштермен жабдықталған тіркемеде 40 км/сағ-тан (25 миль/сағ) асатын жылдамдықтармен тасымалдамаңыз.**
- **Әрқашан тиісті өлшемдегі қауіпсіздік сүйреу шынжырын бекітіңіз.**
- **Әрқашан тіркеменің немесе хедердің артына баяу жылжитын көлік (БЖК) белгісі орнатылғанын тексеріңіз.**
- **Әрқашан тіркеменің арты қызыл рефлекторлармен, екі қызыл артқы шамдармен және бұрылу сигналдарымен жабдықталғанын тексеріңіз.**
- **Тасымалдау енін азайту үшін нүктелер жиналған (жоғары қараған) күйде болуы керек.**




H88843 —UN—31JUL07

*Тасымалдау үшін жиналған түрде көрсетілген жерлер*

KR43067,00007EF -KK-16MAR11-1/4

1. Әрбір ішкі жинауыш нүктесін (B) ысырма (A) жабылғанша көтеріңіз.

A—Ысырма　　B—Нүкте




H88847 —UN—24JUL07

Келесі бетте жалғасады

KR43067,00007EF -KK-16MAR11-2/4

2. Хедердің ескерту шамдарын (A) артқа қарай айналдырыңыз.

**A—Ескерту шамы**




H94376 —UN—26JUN09

KR43067,00007EF -KK-16MAR11-3/4

3. Екі сыртқы жинауыш нүктесін ысырма істігі (A) жабылғанша көтеріңіз.

**A—Ысырма**




H89293 —UN—14JAN09

KR43067,00007EF -KK-16MAR11-4/4

## Комбайнда тасымалдау

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Енге, шамдарға және белгілерге қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.**

**МАҢЫЗДЫ: Мүмкіндігіңізше хедер тіркелген машинаны қоғамдық жолдарда тасымалдамаңыз.**

**Егер комбайнды бекітілген хедермен тасымалдау қажет болса, хедердегі жыпықтайтын ескерту шамдарының қызмет көрсеткенін және жылтыр материалдың таза және көрінетінін тексеріңіз.**

**Түзетуші мен көлік бағыттауышын пайдалану ыңғайсыз, тар немесе еңісті жолдарда және көпірден өткен кезде ұсынылады.**

**Жағдайларға қауіпсіз жылдамдықпен жүргізіңіз.**

1. Платформаны хедер қосқышымен (A) толығымен көтеріңіз.




H102589 —UN—05JUL11

**A—Көтеру/төмендету қосқышы**

**Келесі бетте жалғасады**

SS43267,00000DF -KK-20JUN12-1/4

2. Беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін (А) қосыңыз.

**А—Қауіпсіздік тіреуіші**




SS43267,00000DF -KK-20JUN12-2/4




**S** *сериясы көрсетілген*




*70 сериясы көрсетілген*

**А—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**
**В—Көрсеткіш шамы**

3. Жол тасымалдағышын ажырату қосқышын (А) қосыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Қосқыш қосылғанда шам (В) ҚОСУЛЫ болады.*

Келесі бетте жалғасады

SS43267,00000DF -KK-20JUN12-3/4



H103736 —UN—24OCT11

*S сериялы комбайн*



H90803 —UN—12FEB08

*70 сериялы комбайн*

**A—Қауіпсіздік шам қосқышы** **B—Жол шамының қосқышы**

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жолда немесе магистральда тасымалдағанда, жыпықтайтын ескерту шамдары мен артқы шамдар екі жақтан да келе жатқан машиналарға ескерту береді. Комбайнды қоғамдық жолдарда жүргізгенде, ескерту шамдары ҚОСУЛЫ болуы керек.**

**Ескерту шамын келе жатқан жүргізушілерге бағыттау үшін, кабина баспалдағын толығымен алдыға бұрыңыз.**

**Егер заңмен тыйым салынған болса, жыпықтайтын ескерту шамдарын жақпаңыз.**

4. Жолда жүргізу үшін қауіпсіздік шам қосқышын (A) ҚОСЫҢЫЗ.

   Түнде жүргізу үшін жол шамдарының қосқышын (B) ҚОСЫҢЫЗ. Жол шамдары ҚОСУЛЫ кезде қауіпсіздік шамдары автоматты түрде жұмыс істейді.

SS43267,00000DF -KK-20JUN12-4/4

## Жүгері жинағыш тіркемесін беріліс механизмі корпусына бекіту

**МАҢЫЗДЫ: Хедерді пайдаланғанда қажет ерекше шиналарды комбайнның механик-жүргізуші нұсқаулығынан қараңыз.**

**Ысырма істіктерін хедер жерде болғанда пайдаланбау керек. Көп элементті байланыс құралын хедер жерде болғанда іске қосу керек болса, тұтқадан кабельді ажыратыңыз.**

1. Дыбыстық сигнал беріңіз, моторды іске қосыңыз және беріліс механизмі корпусын төмендетіңіз.
2. Беріліс механизмінің корпусы жақтау саңылауының ортасына келмегенше комбайнды баяу алға жүргізіңіз.
3. Беріліс механизмінің корпусындағы екі ілгек (A) жоғарғы жақтаудағы қалталарға кіргенін тексеріп, платформаны толығымен көтеріңіз.
4. Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз, кілтті шығарыңыз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін орнатыңыз.




H70033 —UN—19SEP01

**A—Ілгек (беріліс механизмі корпусында 2 дана)**

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-1/9

5. Қақпақты (A) алыңыз да, көп элементті байланыс құралының бетін (B) тазалаңыз.

**A—Қақпақ**

**B—Көп элементті байланыс құралының беті**




H74036 —UN—19NOV02




H74037 —UN—05NOV02

Келесі бетте жалғасады

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-2/9

6. Тұтқаны (A) ашыңыз және көп элементті байланыс құралын (B) сақтау кронштейнінен алыңыз.




H99084 —UN—17NOV10

**A—Тұтқа**
**B—Көп элементті байланыс құралы**

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-3/9

*ЕСКЕРТУ: Ысыру механизмінің кабелін зақымдамау үшін тұтқаға кесетін бұранда бекітілген. Хедер жерде болғанда ысырма істіктерін пайдалануға әрекет жасау тұтқадағы бұранданы сындырады. (Осы бөлімде кейінірек "Қосымша кесетін бұранданың орны" мақаласын қараңыз.)*

*Хедер бекітілген кезде, ысырма істіктері ысырма тақтасының тесіктері арқылы еркін қозғалуы керек. Егер ысырма істіктері ысырма тақталары арқылы шықпаса, хедердегі ысырма тақталардың тиісті түрде бапталғанын тексеріңіз.*

7. Көп элементті байланыс құралын (A) саңылауға (B) орнатыңыз да, тұтқаны (C) жабыңыз.




H89284 —UN—20JUL07

**A—Көп элементті байланыс құралы**
**B—Саңылау**
**C—Тұтқа**

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-4/9

## Сырғу құлпы бар көп элементті байланыс құралымен жабдықталған машиналар

**МАҢЫЗДЫ: Көп элементті байланыс құралы арқылы тақтаның сырғуы құлыпталмаса, астық жинағанда немесе тасымалдағанда хедер құлауы мүмкін.**

Көп элементті байланыс құралының тұтқасы жабық болғанда, көп элементті байланыс құралының ысырма жиыны (B) арқылы тақтаның (A) сырғуын құлыптаңыз да, жылдам құлыптау істігімен (C) бекітіңіз.




H81286 —UN—23JUN04

*Сырғуды құлыптау тақтасымен жабдықталған*

**A—Құлыптау тақтасы**
**B—Көп элементті байланыс құралының ысырма жиыны**
**C—Жылдам құлыптау істігі**

Келесі бетте жалғасады

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-5/9

### Түймешік құлпы бар көп элементті байланыс құралдарымен жабдықталған машиналар

**МАҢЫЗДЫ: Көп элементті байланыс құралын түймешік құлыпы жабылатындай толығымен жаппау астық жинағанда немесе тасымалдағанда хедердік құлауына әкелуі мүмкін.**

1. Көп элементті байланыс құралының тұтқасы толығымен жабық болғанда, түймешік құлпы (A) автоматты түрде муфталарды бірге құлыптайды.

**A—Түймешік құлпы**




*Түймешік құлпымен жабдықталған ысырма*

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-6/9

2. Көп элементті байланыс құралы ысырылғанда, ысырма істіктері (A) хедердегі ысырма тақтасының тесіктері арқылы еркін қозғалуы керек. Ысырма тақтасы (B) кронштейнге (C) тиюі керек. Тақтаның төменгі жағы мен істіктің арасы (D) тақтаның жоғарғы жағы мен істік арасынан (E) азырақ болуы керек. Бұл ысырма тақтасын аударуды қажет етуі мүмкін.
3. **Баптау қажет болса:** Бұрандаларды (F) алыңыз, тақтаның (B) бір шетін екінші шетіне аударыңыз да, қайта орнатыңыз.
4. Бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Ысырма тақтасының орнату бұрандалары, M12—Айналдыру моменті.......................... 130 Н·м (96 фунт-фут)

**A—Ысырма істігі**
**B—Ысырма тақтасы**
**C—Жақтау**
**D—Төменгі саңылау**
**E—Жоғарғы саңылау**
**F—Бұрандалар**







Келесі бетте жалғасады

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-7/9

5. Көп элементті байланыс құралының қақпағын (A) платформада сақтау күйіне орнатыңыз.

**A—Қақпақ**




*Сақтау күйі*

KR43067,0000731 -KK-17MAR11-8/9

6. Телескоптық жетекші білікті (A) сақтау күйінен алыңыз және беріліс механизмі корпусының білігіне (B) жалғаңыз. Тез бекітілетін фланец толығымен құлыптайтынын тексеріңіз.

**A—Телескоптық жетекші білік** **B—Беріліс механизмі корпусының білігі**




KR43067,0000731 -KK-17MAR11-9/9

## Жүгері жинағыш тіркемесін Pre 60 сериялы беріліс механизмінің корпусына бекіту

Жүгері жинағыш тіркемесін бұрынғы комбайнға бекіту үшін түрлендіру жинақтары қажет. John Deere дилеріне хабарласыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Жүгері жинағыш тіркемесі мен беріліс механизмі корпусының зақымдалуына жол бермеңіз. Беріліс механизмі корпусының әр жағындағы ысырма істіктері (A) хедерді бекіту алдында тартылуы қажет.**

Тіреуіш болтын (B) кіргізіңіз де, жоғары қарай айналдырыңыз. Егер істіктер кеңейтілген болса, хедер бекітілгенде беріліс механизмінің корпусы зақымдалады.




**A—Ысырма істігі** **B—Тіреуіш болты**

KR43067,0000756 -KK-01DEC10-1/1

## Егін орғышқа немесе жүгері тазалағышына жүгері жинағыш тіркемесін бекіту

Егін орғышқа немесе жүгері тазалағышына жүгері жинағыш тіркемесін бекіту немесе ажырату үшін сол машинаның механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

KR43067,0000751 -KK-01DEC10-1/1

## Беріліс механизмі корусынан жүгері жинағыш тіркемесін ажырату

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жетекші біліктерді комбайнға жалғанған күйде қалдырмаңыз. Беріліс механизмі корпусы кездейсоқ қосылса, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдалуы мүмкін.**

1. Телескоптық жетекші білікті беріліс механизм корпусының білігінен (A) ажыратып, сақтау кронштейніне орналастырыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Ысырма істіктерін хедер жерде болғанда пайдаланбау керек. Көп элементті байланыс құралын хедер жерде болғанда іске қосу керек болса, тұтқадан кабельді ажыратыңыз.**

*ЕСКЕРТУ: Тұтқа тіреуішке дейін жоғары көтерілген болса, ысырма істіктерін толығымен тарту керек. Ысырма істіктер толығымен тартылмаса, кабельдің орнатылуын баптаңыз ("Жалғыз жерге ысыру – баптау" бөлімін қараңыз).*

2. Көп элементті байланыс құралының ысырма жиыны арқылы жылдам құлыптау істігін және сырғуды құлыптау тақтасын алыңыз.
3. Хедерде көп элементті байланыс құралының қақпағын сақтау күйінен алыңыз.
4. Тұтқаны көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының байланыс нүктесінен (B) көп элементті байланыс құралын алып тастаңыз.




H99086 —UN—17NOV10

**A—Беріліс механизмі корпусының білігі** **B—Көп элементті байланыс құралының қосылымы**

5. Көп элементті байланыс құралын платформадағы сақтау күйіне орналастырыңыз және тұтқамен құлыптаңыз.
6. Қақпақты беріліс механизмі корпусының байланыс нүктесіне орналастырыңыз және тұтқаны құлыптаңыз.

KR43067,0000732 -KK-01DEC10-1/2

7. Дыбыстық сигнал беріңіз, моторды іске қосыңыз, беріліс механизмі корпусын ілгектер (A) жүгері жинағыш тіркемесінің жоғарғы жақтауынан төмен болғанша төмендетіңіз де, комбайнды баяу артқа жүргізіңіз.

**A—Ілгектер (беріліс механизмі корпусында 2 дана)**




H70033 —UN—19SEP01

KR43067,0000732 -KK-01DEC10-2/2

## Жеке нүктелі ысыру—Баптау

*ЕСКЕРТУ: Бүйірлік еңкейту бастырма қабылдау камерасы: Тек көп элементті байланыс құралындағы кабельді баптау керек.*

*Тегіс жер беріліс механизмінің корпусы: Кабель төменгі шеттің ортасында болмаса (ысырма істігінің орны), тек көп элементті байланыс құралындағы кабельді баптау керек. "Тегіс жер беріліс механизмі корпусы кабелінің төменгі шеті – баптау" бөлімін қараңыз.*

1. Беріліс механизмі корпусының сол жақ қалқандарын (A) ашыңыз.
2. Кабельдің контргайкаларын (B) босатыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Тұтқаның көп элементті байланыс құралында тіреуіш алдында екенін тексеріңіз. Тұтқаның тежеуішке қарсы орналасқаның тексермеу істіктің нақты емес өлшемдеріне әкеледі және егін ору немесе тасымалдау кезінде хедердің құлауына әкелуі мүмкін.**

3. Көп элементті байланыс құралының тақтасын тіреуіш алдына орнатыңыз.




H78649 —UN—17OCT03




H78650 —UN—17OCT03

**A—Қалқан** **B—Контргайкалар**

SS43267,0000312 -KK-26JUN14-1/4

*ЕСКЕРТУ: Кронштейнде кабельді "жоғары" жылжыту істікті ары қарай ішке тартады.*

*Кронштейнде кабельді ”төмен” жылжыту істікті ары қарай сыртқа итереді.*

4. Істіктің тиісті баптауы үшін кронштейндегі кабельді қажет еткендей баптаңыз:
   - Сол жақ ысыру істігі +/- 2 мм (A) шығып тұруы керек.

**A—Өлшем**




*Сол жақ ысырма істігі*

H79344 —UN—10DEC03

**Келесі бетте жалғасады**

SS43267,0000312 -KK-26JUN14-2/4

5. Төменгі контргайканы (В) ұстап тұрыңыз және жоғарғы контргайканы (А) бекемдеңіз.

**A—Жоғарғы контргайка** **B—Төменгі контргайка**




H81289 —UN—23JUN04

SS43267,0000312 -KK-26JUN14-3/4

**МАҢЫЗДЫ: Істіктердің көрсетілген өлшемдерге орнатылғаны тексерілмесе, астық жинағанда немесе тасымалдағанда хедердің құлауына әкелуі мүмкін.**

6. Көп элементті байланыс құралының тұтқасын (А) толығымен түсіріңіз және істіктердің (В) (екі жағы) сипаттамаға сай орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сипаттамаға сай орнатылмаған болса, қайта баптаңыз.

**Сипаттама**

Беріліс механизмі корпусының істіктері—Қашықтық.............................................................45—52 мм (1-3/4—2 дюйм)

**A—Көп элементті байланыс құралының тұтқасы** **B—Істіктер**




H81287 —UN—23JUN04




H81288 —UN—23JUN04

SS43267,0000312 -KK-26JUN14-4/4

## Тегіс жер беріліс механизмі корпусы кабелінің төменгі шеті – баптау




H79380 —UN—10DEC03




H79389 —UN—10DEC03

Кронштейнде (B) ирек оймалар (A) ортасында болмаса, ысыру кабелінің төменгі шетін баптау керек.

Контргайкаларды (C) босатыңыз да, кабельді ирек оймалар кронштейннің ортасында болатындай баптаңыз.

Контргайкаларды бекемдеңіз.

**A—Ирек оймалары**
**B—Кронштейн**
**C—Контргайкалар**

MH81805,0000700 -KK-09DEC15-1/1

## Беріліс механизмі корпусының ысыру істіктері (тазалау)




H74309 —UN—18NOV02

Ысырма істіктерін жылжыту қиын болса, бұрандаларды (A) алыңыз да, істік аумағын тазалаңыз. Бұл бұрандаларға қолжеткізу үшін беріліс механизмі корпусының жақтауын толығымен қисайту қажет болуы мүмкін.

**A—Бұранда**

MH81805,0000701 -KK-17MAR05-1/1

## Беріліс механизмі корпусын ашу




H74310 —UN—18NOV02

Кесетін бұранда істен шыққанда хедерді алу үшін ысыру істіктерін (A) ысырма тақталары арқылы итеріңіз де, тесікке (C) M12 бұрандасын (B) орнатыңыз. Қарама-қарсы жағында қайталаңыз.

**A—Ысыру істіктері**
**B—Бұранда**
**C—Саңылау**

MH81805,0000702 -KK-09DEC15-1/1

## Ысыру механизмі кабелінің кесетін бұрандасының орны

Кесетін бұранда (A) сынып қалса, алып тастап, қосымша кесетін бұрандамен (B) ауыстырыңыз. Үш қосымша кесетін бұранда қамтамасыз етілген.

**A—Кесетін бұранда**

**B—Қосымша кесетін бұрандалар**




H74311 —UN—25NOV02

MH81805,0000703 -KK-17MAR05-1/1

## Қашан калибрлеу қажет

*ЕСКЕРТУ:* **Бүкіл калибрлеу:** *Хедердің калибрлеулерін комбайнның механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.*

Калибрлеу процедураларын алғашқы пайдалану алдында я болмаса хедер биіктігін басқару датчигін, негіздік тақтаның орналасу датчигін немесе байланысты құрамдастарды ауыстырғанда орындау керек.

- Хедерді калибрлеу – LC1 (хедер)
- Бүйірлік еңкейту бұрышының датчигін калибрлеу – LC1 еңкейту (Қосымша)
- Гидравликалық жолмен бапталатын негіздік тақта – LC1 (қосымша) 50 және 60 сериялық комбайндардағы датчикті калибрлеу – dEc
- Белсенді қалқуды калибрлеу – FLO

*ЕСКЕРТУ: Калибрлеуді жалғастыру алдында қатені тудыратын күйді түзету керек.*

Калибрлеу процедуралары кезінде қандай да қателер орын алса, 50 және 60 сериялық комбайндарда үш еселенген тахометр дисплейінде және S және 70 сериялық комбайндардағы CommandCenter™ диспейінде қате кодтары көрсетіледі.

*CommandCenter – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

SS43267,00003FF -KK-26JUN14-1/1

## Калибрлеудің қате кодтары

**МАҢЫЗДЫ: Калибрлеу процедурасын жалғастыру алдында қате кодын тудыратын күйде түзету керек.**

Калибрлеу процедуралары кезінде қандай да қате кодтары орын алса (ERxx), John Deere дилеріне қоңырау шалып, қате кодының нөмірін айтыңыз.

KR43067,0000757 -KK-01DEC10-1/1

## S сериялық комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері

**Қол жетімді калибрленулерді комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.**

Калибрленулер экранда көрсетілген нұсқауларды пайдалану арқылы орындалады. Механик-жүргізуші диагностика мәзірін таңдайды, қалаған калибрленуді таңдайды және берілген нұсқауларды орындайды.

1. Диагностика белгішесін бөлектеңіз және растау қосқышын басыңыз.
2. Калибрлену белгішесін (A) бөлектеңіз және растау қосқышын басыңыз.
3. Калибрлену мәзірін (B) бөлектеңіз және растау қосқышын басыңыз.
4. Қалаған калибрленуді таңдаңыз. Растау қосқышын басыңыз.
5. Енгізу/қабылдау белгішесін (C) бөлектеңіз және растау қосқышын басыңыз.
6. Қалаған калибрленуді орындау үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
7. Қосымша калибрленулер үшін үрдісті қажетінше орындаңыз.

H94478 —UN—31MAR10



*Диагностика белгішесі*




H94928 —UN—11OCT10

**A—Калибрлеу белгішесі**
**B—Калибрлену мәзірі**
**C—Енгізу/қабылдау белгішесі**

KR43067,0000965 -KK-24OCT11-1/1

## 70 сериялы комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері

**Қол жетімді калибрленулерді комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.**

1. Диагностика және калибрлену белгішесінен (A) калибрлену мәзірі (C) белгіленбегенше таңдау дискісін (B) айналдырыңыз. Растау қосқышын (D) басыңыз.
2. Қалаған калибрлену бөлектелмегенше таңдау дискісін айналдырыңыз және растау қосқышын басыңыз.
3. Енгізу/қабылдау белгішесі (E) белгіленбегенше таңдау дискісін айналдырыңыз және растау қосқышын басыңыз.
4. Қалаған калибрленуді орындау үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
5. Қосымша калибрленулер үшін үрдісті қажетінше орындаңыз.




H87479 —UN—21FEB07




H86977 —UN—20NOV06

**A—Диагностика және калибрлену белгішесі**
**B—Таңдау дискісі**
**C—Калибрленулер мәзірі**
**D—Растау қосқышы**
**E—Енгізу/қабылдау белгішесі**

KR43067,00007F2 -KK-16MAR11-1/1

## 50/60 сериялы комбайндар үшін пайдаланушының калибрлену үрдістері

Хедерді калибрленуге дайындау:

- Хедерді комбайнға бекітіңіз және хедер сымдарын комбайн сымдарына жалғаңыз.
- Пневморессорды орнатылған деңгей датчигіне орнатыңыз (осы бөлімде "ПНЕВМОРЕССОРДЫ ТЕҢШЕУ (ХЕДЕРДІ КАЛИБРЛЕУ АЛДЫНДА)" мақаласын қараңыз).
- Хедердің биіктік датчиктерінің (жабдықталған болса) жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.
- Комбайнды іске қосыңыз және тегіс қатты бетке жүргізіңіз.

Диагностика қосқышын басыңыз. Үш еселенген дисплей тахометрінде **DIA** орын алады.




H71445 —UN—28MAR02

**Келесі бетте жалғасады**

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-1/10

Калибрлену қосқышын басыңыз. Үш еселенген дисплей тахометрінде **CAL** және **conc** орын алады.




H68151 —UN—23MAY01

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-2/10

Үш еселенген дисплей тахометрінде **CAL** және **hdr** орын алғанша жоғары және төмен көрсеткі пернелерін басыңыз.




H68159 —UN—23MAY01

**Келесі бетте жалғасады**

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-3/10

Хедерді калибрлеу режиміне кіру үшін енгізу қосқышын басыңыз. Үш еселенген дисплей тахометрінде **hdr** және **H-dn** (**P-dn** ішінде қысымы бар HYDRAFLEX басы үшін орын алады) орын алады.

*ЕСКЕРТУ: Егер Hydraflex платформасы қосымша датчиктермен жабдықталған болса H-dn пайда болады.*




H68160 —UN—23MAY01




H71305 —UN—14MAR02

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-4/10

Датчиктің минималды параметрін орнатыңыз.

Хедерді көтеру/төмендету және еңкейту қосқышын (A) пайдаланып хедерді жерде тегіс жатқанша төмендетіңіз және еңкейтіңіз.

**A—Хедерді көтеру/төмендету қосқышы**




H74747 —UN—18MAR03

**Келесі бетте жалғасады**

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-5/10

Егер **H-dn** көрсетілсе, келеі қадамға өтіңіз.

Егер **P-dn** көрсетілсе, қысым 1000 фунт-дюйм2 (6900 кПа) (69 бар) деңгейінен төмен болғанша қысымды хедердің қалқу түймесімен азайтыңыз.

Қалқу қысымы қысым төмендетілгеннен кейін көрсетіледі.

Қысым 1000 фунт/дюйм2 (6900 кПа) (69 бар) деңгейінен төмен болғанда **H-dn** пайда болады.



H75742 —UN—18MAR03

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-6/10

Калибрлену қосқышын басыңыз. Үш еселенген дисплей тахометрінде **hdr** және **H-UP** көрсетіледі.




H68161 —UN—23MAY01

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-7/10

Датчиктің максималды параметрін орнатыңыз.

Хедерді көтеру/төмендету қосқышын (A) пайдаланып хедерді толығымен көтеріңіз.

**A—Хедерді көтеру/төмендету қосқышы**




H74747 —UN—18MAR03

**Келесі бетте жалғасады**

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-8/10

Калибрлену қосқышын басыңыз. Үш еселенген дисплей тахометрінде **EOC** көрсетіледі.




H68162 —UN—23MAY01

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-9/10

Калибрлеу мәндерін сақтау үшін енгізу қосқышын басыңыз және қалыпты жұмысқа оралыңыз немесе калибрлеуді үзу (және мәндерді сақтамау) үшін артқы көрсеткі қосқышын басыңыз.

Қалыпты әрекетке оралу үшін артқы жолақ қосқышын басыңыз.



H68163 —UN—23MAY01

KR43067,0000966 -KK-24OCT11-10/10

## Беріліс механизмі корпусының тастау жылдамдығын және сезімталдылығын баптау — S және 70 сериялы комбайндар

**Биіктікті көрсету және белсенді хедердің қалқу қысымының сезімталдылығы (Автоматты функциялар):** Автоматты көрсету және автоматты қалқу режимінде жұмыс істеу кезінде хедер қозғалыстары үшін жауап беру жылдамдығын басқарады.

**Автоматты функциялар үшін жылдамдықты өзгерту:**

1. Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы алқап күйінде екенін тексеріңіз.
2. Параметрлерді баптау үшін беріліс механизмі корпусының жылдамдығын/сезімталдылығын баптау қосқышын (A) **екі рет** басыңыз. Параметрлер 0-100 аралығында бапталады.

   *ЕСКЕРТУ: Сезімталдылық параметрі баптау кезінде шынтақ таянышының дисплейінде (C) көрсетіледі.*

3. Таңдау дискісін (B) жауап беру жылдамдығын арттыру үшін сағат бағытымен немесе жауап беру жылдамдығын төмендету үшін сағат бағытына кері айналдырыңыз.

**A—Беріліс механизмі корпусының деңгейін/сезімталдылықты баптау қосқышы**
**B—Таңдау дискісі**
**C—Сезімталдылық параметрлері**




**S** *сериясы көрсетілген*




*70 сериясы көрсетілген*

**Келесі бетте жалғасады** KR43067,00007BA -KK-09FEB11-1/2

**Қолмен көтеру/төмендету жылдамдығы (Қол функциялары):** Қолмен басқару кезіндегі немесе биіктікті автоматты растау режимінде хедерді көтеру/төмендету функцияларының жауап беру жылдамдығын басқарады.

**Қол функциялары үшін жылдамдықты өзгерту:**

1. Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы алқап күйінде екенін тексеріңіз.
2. Параметрлерді баптау үшін беріліс механизмі корпусының жылдамдығын/сезімталдылығын баптау қосқышын (A) **бір рет** басыңыз. Параметрлер 0-100 аралығында бапталады.

   *ЕСКЕРТУ: Сезімталдылық параметрі баптау кезінде шынтақ таянышының дисплейінде (C) көрсетіледі.*

3. Таңдау дискісін (B) жауап беру жылдамдығын арттыру үшін сағат бағытымен немесе жауап беру жылдамдығын төмендету үшін сағат бағытына кері айналдырыңыз.

**A—Беріліс механизмі корпусының деңгейін/сезімталдылықты баптау қосқышы**
**B—Таңдау дискісі**
**C—Жылдамдық параметрлері**



H99167 —UN—23NOV10

**S** *сериясы көрсетілген*



H87057 —UN—30JUL07

*70 сериясы көрсетілген*

KR43067,00007BA -KK-09FEB11-2/2

## Беріліс механизмі корпусының тастау жылдамдығын және сезімталдылығын баптау — 60 сериялы және ескі комбайндар

### 60 сериялы STS комбайнының тастау жылдамдығы

*ЕСКЕРТУ: Хедер биіктігін көрсету және Белсенді хедердің қалқу қысымы (Автоматты функциялар) үшін жауап беру жылдамдығын басқару.*

Диск (A) автоматты режимде хедерді көтеру/төмендету функцияларының жауап беру жылдамдығын басқарады. Рәсімдерді комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.



H80536 —UN—31MAR04

**A—Диск**

**Келесі бетте жалғасады**

KR43067,00007B8 -KK-09FEB11-1/2

### 60 сериялы Walkers CTS және Sidehill, барлық 50 сериялы және барлық 9000/10 сериялы комбайндар үшін тастау жылдамдығы

Тезірек қолмен тастау үшін гайканы босатыңыз да, бұранданы (A) сыртқа баптаңыз; баяуырақ тастау жылдамдығы үшін ішке баптаңыз.

Баптаудан кейін гайканы бекемдеңіз.

*Active Header Control немесе Dial-A-Matic функциясы бар комбайндарда:*

- Тұтқаны (B) толығымен ішке бұрыңыз (толығымен жабық).
- Тұтқаны сыртқа бұрудың 3/8 деңгейіне бұрыңыз.
- Жүйені автоматты режимде алқап жағдайларында тұрақтандыру үшін қажетінше баптаңыз.

**A—Баптау бұрандасы** **B—Тұтқа**




H80519 —UN—30MAR04

**50 сериялы STS комбайндары**




H43797 —UN—21AUG91

**Walkers, CTS, Sidehill комбайндары**

KR43067,00007B8 -KK-09FEB11-2/2

## Жалпы ақпарат

Жинауыш нүктелер (A) дән қатарларының арасында орналасқан. Сабақ роликтері (B) дән сабақтарын ұстайды да, оларды тез қатар бөлімі арқылы өткізеді.

Дәннің масағы негіздік тақталарға жеткенде, тесік тар болғандықтан масақ өтпейді. Сабақ роликтері сабаққа тартылысын жалғастырғанда дәннің масағы ысырылады.

Жинауыш шынжырлар (C) масақтарды ұстайды да, шнекке (D) апарады. Шнек масақтарды комбайнның беріліс механизмі корпусына жеткізеді.




H89415 —UN—01AUG07

**A—Жинауыш нүкте**
**B—Сабақ роликтері**
**C—Жинауыш шынжыр**
**D—Шнек**

KR43067,0000743 -KK-23NOV10-1/1

## Абайлап жүргізу және басқару

Жүгері жинағыш тіркемесі қатарлар үстінде қалатындай абайлап жүргізіңіз. Ешқашан жүгері жинағыш тіркемесін немесе комбайнды шамадан тыс жүктеме деңгейіне жеткізбеңіз. Шамадан тыс жүктеме ақаулықтарды тудырады. Төмен берілістен бастаңыз да, жұмыс істейтін тиісті жолдағы жылдамдықты тапқанша жылдамдықты арттырыңыз.

Тығылып қалатын берілістің немесе басқа әдеттен тыс шулардың бар-жоғын тыңдаңыз. Жүгері жинағыш тіркемесі бітелсе, моторды жұмыс жылдамдығында ұстап тазалаңыз, бірақ жолдағы жылдамдықты хедер тазаланғанша азайтыңыз.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Комбайн мен жүгері жинағыш тіркемесінің механик-жүргізуші нұсқаулықтарымен танысыңыз.**

**МАҢЫЗДЫ: Комбайнның алға жылжуы шамамен бірдей болуы керек, өйткені жинау шынжыры түйіндері артқа қозғалу немесе бітелу орын алуы мүмкін.**

KR43067,0000744 -KK-23NOV10-1/1

## Жүгері жинағыш тіркемесінің қозғалыс жылдамдығы

Комбайнның алға жүруі жинау шынжыры түйінінің артқа жүруіне жақын болуы керек.

Егер жолдағы жылдамдық тым тез болса, жинау шынжырлары сабақтарды алға тартады да, масақтарды түсіреді. Жолдағы жылдамдық тым баяу болса, жинау шынжырлары масақтарды қайтадан жүгері жинағыш тіркемесінің ішіне итеріп, сабақтарды кесуі немесе масақтарды түсіруі мүмкін.

KR43067,0000745 -KK-23NOV10-1/1

## Шынтақ таянышы функциялары



H111118 —UN—16APR14

*S сериялы комбайндар*



H91273 —UN—24APR08

*70-сериялы комбайн*

**A—Хедерді және беріліс механизмі корпусының реверсирін қосу**
**B—Сепаратор қосқышы**
**C—Хедер биіктігі/HydraFlex™ қысымды басқару дискісі**
**D—Драпер белдігінің жылдамдығын баптау қосқышы**
**E—Кескіш қысымының бапталуын қосу**
**F—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**
**G—Беріліс механизмі корпусының деңгейін/сезімталдылықты баптау қосқышы**
**H—Кесуші механизмнің қисаюын баптау қосқышы (ТЕК қатты драпер үшін)**
**I— Таңдау дискісі (Басқару баптаулары және басқару элементтері)**
**J—Катушка жылдамдығы немесе Таспа терімшінің жылдамдығы дискісі**
**K—Бүйірлік белдіктің жылдамдығын азайту қосқышы (ТЕК қатты және икемді драперлер үшін)**

CommandCenter™ Шынтақ таянышы хедерінің функциялары: Әр функция туралы толық ақпаратты Комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.

*HydraFlex – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*
*CommandCenter – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

SS43267,00003D3 -KK-01JUL14-1/1

## Белсенді хедерді басқару дисплейі—функциялары

*ЕСКЕРТУ:* **Әр функция туралы толық ақпаратты комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.**

**Active Header Control дисплейі (A):** Механик-жүргізушіге дисплейде тиісті белгішені бөлектеу арқылы функцияның қайсысы ағымда белсенді екенін анықтауға мүмкіндік береді.

*ЕСКЕРТУ: Басқару түймешіктерінің орналасу орындары комбайнның үлгісіне және орнатылған жабдыққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.*

**МАҢЫЗДЫ: Кез келген хедер калибрлеуін орындау төменде айтылған барлық алты хедер режимдерін автоматты түрде іске қосуы мүмкін.**

**Хедер биіктігін көрсету түймешігі (B):** Механик-жүргізушіге жерге қатысты хедердің орнын таңдауға және бұл күйге автоматты түрде қайта оралуға мүмкіндік береді.

**Хедер биіктігін көрсету түймешігі — HydraFlex™/HydraFloat (B):**Механик-жүргізушіге кесуші механизмнің жер үстіндегі қысымын немесе кесуші механизмнің салмағын баптауға және бұл параметрге автоматты түрде оралуға мүмкіндік береді. HydraFlex™/HydraFloat хедер биіктігін көрсетумен бірге хедердің жерге қатысты орнын сақтау, жер бедерін қайталау және сол күйге автоматты түрде оралу үшін жұмыс істейді.

**Хедер биіктігін растау түймешігі (C):** Механик-жүргізушіге машинаға байланысты беріліс механизмі корпусының күйін орнатуға және бұл күйге автоматты түрде оралуға мүмкіндік береді.

**Бүйірлік еңкейту түймешігі (D):**Механик-жүргізушіге жерге байланысты хедердің күйін орнатуға мүмкіндік береді. Көрсеткіштер хедердің әр ұшындағы биіктігін анықтау үшін пайдаланылады. Хедер әр шетінде жерге дейінгі қашықтықты теңестіру үшін беріліс механизмінің корпусында еңкейтіледі. Хедер биіктігінің көрсеткіші—HydraFlex™ (қосымша) функциясымен жабдықталған болса, кесуші механизмнің жерге қатысты күйін баптау үшін жүйенің екеуі бірге жұмыс істейді.

**Dial-A-Speed түймешігі (E):** Механик-жүргізушіге катушка не таспа терімшінің белдіктері үшін автоматты басқару жылдамдығын таңдауға мүмкіндік береді. Қызметтік жылдамдық - машинаның жолдағы жылдамдығының катушка/белдік жылдамдығына қатынасы.

**Беріліс механизмі корпусының қалқу түймешігі (F):** Қатты хедерге жермен жанасып жұмыс істеуге және орнатылған жанасудың қысымын сақтауға мүмкіндік береді. Механик-жүргізуші хедердің жерге қаншалықты




H100107 —UN—08FEB11

S сериялы бұрыштық дисплей




H100108 —UN—08FEB11

S сериялы түймешіктер




H86001 —UN—13DEC06

70 сериялы бұрыштық дисплей және түймешіктер

қатты тиетінін және сол қысымды автоматты түрде қайтаруды таңдайды.

*ЕСКЕРТУ: Беріліс механизмі корпусының қалқу режимін HydraFlex™ шнегі немесе 600 сериялық драпер платформаларымен пайдалану ұсынылмайды, себебі поли тежеу етікшелерінің шамадан тыс тозуы орын алуы мүмкін.*

**Катушка күйін растау түймешігі (G):** Механик-жүргізушіге катушканың биіктігін және алдыңғы/артқы күйін таңдауға және бұл күйге автоматты түрде оралуға мүмкіндік береді.

Келесі бетте жалғасады

SS43267,000040C -KK-01JUL14-1/2

**Негіздік тақта күйін растау (H):** Механик-жүргізушіге бапталатын негіздік тақталардың (жабдықталған болса) саңылау енін таңдауға және сол күйге автоматты түрде оралуға мүмкіндік береді.

*HydraFlex – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

SS43267,000040C -KK-01JUL14-2/2

## Хедер биіктігін автоматты басқару жүйелерінің сипаттамасы

Хедер биіктігін автоматты басқару жүйелері тегіс емес жерді өтейді және хедердің көлденең және тік күйін басқарады. Жүйе үздіксіз алдын ала орнатылған күй мен ағымдағы күйді салыстырып отырады, бұл хедерді қажетті жұмыс күйінде ұстап отыруға мүмкіндік береді. Мәндер жауап беру деңгейін баптау және сезімталдықты баптау арқылы және шынтақ таянышында орналасқан таңдау дискісімен енгізіледі.

**Жүйелік талаптар:**

- Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы алқап күйінде болуы керек.
- Мотор қосулы.
- Хедер қосылған.
- Хедердің қажетті басқарылу режимі іске қосылған.

**Бүйірлік еңкейту баптауы—Екі режим**

- Қолмен баптау - гидравликалық бөлшектер мульти-функционалды иінтіректің көмегімен тікелей іске қосылған.
- Автоматты баптау - хедерді жерге байланысты оның ұштарындағы көрсеткіштері арқылы параллель түрде бапталуы. Бұл хедер мен жердің арасындағы қашықтықтың сол және оң, екі жағында да теңестірілуіне мүмкіндік береді.

**Платформа биіктігін баптау - Төрт режим**

- Қолмен баптау - гидравликалық бөлшектер мульти-функционалды иінтіректің көмегімен тікелей іске қосылған.
- Биіктікті автоматты растау — платформа беріліс механизмінің корпусы шегіндегі кез келген күйге орнатыла алады.
- Биіктікті автоматты көрсету — платформаның биіктігі оған бекітілген биіктік датчиктері арқылы орнатылады. Бұл тегіс емес жердегі хедер биіктігінің тұрақтылығын мүмкін етеді.
- Қалқуды автоматты басқару — машина жермен жанасу кезінде хедердің тұрақты қысымын орнатады.



H100084 —UN—08FEB11

**S сериясы көрсетілген**



H86522 —UN—13DEC06

**МАҢЫЗДЫ: Еңкейту және биіктік параметрлерін қолмен баптау кез келген автоматты функцияларды өшіреді.**

KR43067,00007B1 -KK-09FEB11-1/1

## Жүгері жинағыш тіркемесін қосу/ажырату жетегі

*ЕСКЕРТУ: Сепаратор және хедер қосқыштарын қосу алдында механик-жүргізуші орындығында болуы керек.*

Хедерді қосу үшін.

- Жол тасымадағышының ажырату қосқышын (A) алқап күйіне ауыстырыңыз.
- Сепаратор қосқышын (B) қосыңыз.
- Хедер қосқышын (C) қосыңыз.

**A—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**
**B—Сепаратор қосқышы**
**C—Хедер қосқышы**




H99168 —UN—23NOV10

**S** *сериясы көрсетілген*




H89636 —UN—15AUG07

*70 сериясы көрсетілген*




H43694 —UN—06AUG91

*9000 және 10 сериясы көрсетілген*

KR43067,0000746 -KK-23NOV10-1/1

## Негіздік тақтаны басқару және растау




H103735 —UN—24OCT11

S сериялы комбайн




H103737 —UN—24OCT11

Мультифункционалды иінтіректегі (A) катушка күй қосқышы механик-жүргізушіге бапталатын негіздік тақталардың саңылауын арттыруға және азайтуға мүмкіндік береді.

Жүйе мына жағдайларда іске қосылады:

- Мотор қосулы.
- Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы (B) алқап күйінде.
- Хедер қосылған.
- Негіздік тақтаны баптау дисплей экранында (C және D) іске қосылады.




H103738 —UN—24OCT11

**A—Катушка күй қосқышы**
**B—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**
**C—Негіздік тақтаны іске қосу белгішесі (S сериясы)**
**D—Негіздік тақтаны іске қосу белгішесі (70 сериясы)**
**E—Катушканы алға жылжыту қосқышы**
**F—Катушканы артқа жылжыту қосқышы**

### Негіздік тақта саңылауын орнату:

1. Негіздік тақтаның саңылауын арттыру үшін катушка күй қосқышының (E) сол жағын басыңыз.
2. Негіздік тақтаның саңылауын азайту үшін катушка күй қосқышының (F) оң жағын басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Негіздік тақта орнының белгішесі және негіздік тақта саңылауының мәні CommandCenter дисплейінде пайда болады.*

*Негіздік тақталардың 0 (минималды саңылау) - 9 (максималды саңылау) ауқымы бар.*

### Негіздік тақтаны растау:

1. Негіздік тақтаның қалаған саңылауын қолмен орнату.
2. Негіздік тақтаның ағымдағы күйін сақтау үшін мультифункционалды иінтіректегі 1, 2 не 3 белсендіру түймешігін үш секунд басып тұрыңыз. Механик-жүргізуші енді тағайындалған іске қосу түймешігін басу арқылы алдын ала орнатылған күйге кез келген уақытта орала алады.

SS43267,00001D1 -KK-15JAN13-1/1

## Жылдамдығы өзгермелі беріліс механизмінің корпусы бар 50, 60 және 70 сериялы комбайндар

Жүгері жинағыш тіркемесінің басқару жылдамдығы төменгі беріліс механизмі корпусы жетігінің жылдамдығын өзгерту арқылы өзгертіледі. Беріліс механизмі корпусы білігінің жылдамдығы мультифункционалды басқару тұтқасында орналасқан катушка қосқышының (A) көмегімен өзгертіледі.

*ЕСКЕРТУ: Жылдамдықты баптау үшін мотор іске қосулы хедермен жұмыс істеуі керек.*

1. Жол тасымалдағышын ажырату қосқышын (B) алқап күйіне орнатыңыз.
2. Жылдамдықты арттыру үшін катушка қосқышының жоғарғы жағын басып тұрыңыз.
3. Жылдамдықты азайту үшін катушка қосқышының төменгі жағын басып тұрыңыз.

**A—Катушка қосқышы** **B—Жол тасымалдағышын ажырату қосқышы**




*50 сериясы көрсетілген*

KR43067,0000747 -KK-23NOV10-1/1

## Өзгермелі белдік жетекті беріліс механизмінің корпусы бар 00 және 10 сериялы комбайндар

Жүгері жинағыш тіркемесінің басқару жылдамдығы төменгі беріліс механизмі корпусы жетігінің жылдамдығын өзгерту арқылы өзгертіледі. Беріліс механизмі корпусы білігінің жылдамдығы мультифункционалды басқару тұтқасында орналасқан плюс (+) және минус (-) қосқышының көмегімен өзгертіледі.

*ЕСКЕРТУ: Жылдамдықты баптау үшін мотор іске қосулы хедермен жұмыс істеуі керек.*

1. Жылдамдықты арттыру үшін қосқыштың төменгі жағын басып тұрыңыз.
2. Жылдамдықты азайту үшін қосқыштың жоғарғы жағын басып тұрыңыз.

Өзгермелі жетекпен жабдықталған беріліс механизмі корпусы білігінің жылдамдығы шамамен 630-780 а/м аралығында болады.




*00 және 10 сериясы көрсетілген*

Жүгері жинағыш тіркемесінің жылдамдығын комбайнның жүру жылдамдығына сәйкестендіргенде төмендегі кестені нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз:

KR43067,0000968 -KK-24OCT11-1/1

## Жылдамдығы бекітілген беріліс механизмі корпусы бар комбайндар

Жылдамдығы бекітілген беріліс механизм корпусы бар комбайндарда хедер жылдамдығын өзгерту үшін "БАПТАУЛАР — ЖҮГЕРІ ЖИНАҒЫШ ТІРКЕМЕСІ" бөлімін қараңыз.

KR43067,0000749 -KK-01DEC10-1/1

## Дәнді әлсіреген немесе сынған сабақтармен жинау

Сабақтар мен масақтарды ауру (сабақтың шіруі) немесе жәндіктер (дән тескіштер) әлсіретуі мүмкін. Бұл олардың жүгері жинағыш тіркемесін жинау нүктелеріне және қалқандарына тигенде сынуына әкеледі. Бұл материал үйіледі де, сабақтар сабақ роликтеріне тимейді. Бұл орын алғанда дән жоғалады және астық жинау өнімділігі азаяды.

Төменде бұл мәселелердің ықтимал шешімдері берілген:

- Комбайнның жолдағы жылдамдығын азайтыңыз.
- Жылдамдығы өзгермелі беріліс механизмі корпусында жүгері жинағыш тіркемесі жылдамдығын арттырыңыз.
- Масақтардың сабақ роликтеріне тиюіне мүмкіндік берместен негіздік тақталарды барынша кең етіп баптаңыз.
- Масақ сақтағыштарды алыңыз.

KR43067,0000969 -KK-24OCT11-1/1

## Жүгеріні жинау

- Негізді тақталарды мүмкіндігінше жақын баптаңыз.
- Айқас шнекті диаметрі ең үлкен масақ қырғыштар мен еденнің арасында тиместен өтетіндей көтеріңіз.
- Хедердің артқы білігінің жылдамдығын азайтыңыз.
- Дұрыс параметрлерді комбайнның механик-жүргізуші нұсқаулығында тексеріңіз.

KR43067,0000753 -KK-01DEC10-1/1

## Жинауыштар

Көп жағдайлар үшін жинауыш нүктелерінің алдын жерге сәл тиіп жүргізіңіз.

Лайлы жағдайларда немесе қарда хедерді тесікке материалдың түсуін болдырмауға жеткілікті жоғары көтеріңіз.

Барлық нүктелер бір деңгейде болатындай баптаңыз.



H89417 —UN—01AUG07

JK22594,0000242 -KK-13AUG07-1/1

## Сошниктер

Жеке сошникте қоқыс пышақтарының жұбы, жинау шынжырлары, негіздік тақталар және сабақ роликтері болады. Сошник дән масақтарын сабақтан кеселіді де, шнекке өткізеді.



H99154 —UN—22NOV10

KR43067,00005BA -KK-01DEC10-1/1

## Шнек

Шнек (A) жинау материалын сошниктерден өткізеді де, беріліс механизмі корпусына бағыттайды.




H89295 —UN—20JUL07

**A—Шнек**

OUO6043,0001C88 -KK-03JAN08-1/1

## Гидравликалық жолмен бапталатын негіздік тақталар

*ЕСКЕРТУ: Негіздік тақталарды баптау немесе калибрлеу үшін комбайнның механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.*

Гидравликалық жолмен бапталатын негізідк тақталар (A) механик-жүргізушіге негіздік тақталарды кабина ішінде әр түрлі сабақ және масақ өлшемдері үшін баптауға мүмкіндік береді.

Негіздік тақталарды тек мотор қосулы және жол тасымалдағышының ажырату қосқышы алқап күйінде болғанда жылжытуға болады.

Катушканың алға қосқышын басу негіздік тақталарды ашады, ал катушканың артқа қосқышын басу негіздік тақталарды жабады.




H89701 —UN—21AUG07

**A—Негіздік тақта**

KR43067,0000360 -KK-21APR09-1/1

## Сыртқы жинауыш кеңейтімдері

Сыртқы жинауыш кеңейтімдері (A) биіктігі төмен жинауыш беттерінің жақтарынан масақтың жоғалуын болдырмайды.

Дән сабақтары төмен жағдайларда жұмыс істегенде, сабақтарды жинау әрекеті біркелкі болуы үшін кеңейтімдерді төмендетіңіз.

Кеңейтімдер сыртқы торларға ендірілген және оларды қажетінше көтеруге және төмендетуге болады.

- Кеңейтімді көтеру үшін кеңейтімді істік (B) орнына құлыпталғанша жоғары қарай тартыңыз.
- Кеңейтімді төмендету үшін істікті (B) ішіне итеріп, кеңейтімді төмендетіңіз.

*ЕСКЕРТУ: Сыртқы жинауыш нүктесін көтеру үшін кеңейтім төмендетілген күйде болуы керек.*




H89215 —UN—23JUL07

**A—Кеңейтімдер** **B—Істік**

KR43067,00005A0 -KK-12MAY10-1/1

## Ішкі жинауыш нүктелерін және қалқандарды көтеру және алу

1. Бұранданы (A) алыңыз.
2. Қалқан құлпы (B) қалқаннан (C) алыстамағанша оны артқа айналдырыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Құлыпты орнату кезінде бұранданы (B) шамадан тыс бекемдемеңіз.*

**Сипаттама**

Жинауыш қалқанның құлыптау бұрандасы—Айналдыру моменті.....20 Н·м (15 фунт-фут)

**A—Бұранда**
**B—Қалқан құлпы**
**C—Қалқан**




H102222 —UN—15JUN11

*Ішкі қалқанның артқы жағы көрсетілген*




H102223 —UN—15JUN11

Келесі бетте жалғасады

DM84283,00006FC -KK-22MAY15-1/2

3. Істік (A) орнында құлыпталмағанша нүктені көтеріңіз.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Нүкте мен қалқан жинағын көтеру және алу кезінде ауыр жарақатты болдырмаңыз. Жинақ ауыр және оны ұстау ыңғайсыз.**

4. Ысырма тақтасын (B) тартып, нүкте және қалқан жинағын бірге көтеріңіз.
5. **ЖАБДЫҚТАЛҒАН БОЛСА:** Негізгі сымдағы кез келген сым қосқыштарын ажыратыңыз. Қалқан ішінде орналасқан қосқыштарға қол жеткізу үшін қалқанның артқы жағына бекітілген бекіту таспаларын кесіп, қосқыштарды сыртқа тартыңыз.
6. *Көтеру цилиндрлерін ажырату:*
   a. Құлыптау бұрандасын (E) алып тастаңыз.
   b. Бекіту істігі ойылған тесіктің (D) артына жылжымағанша жинауыш қалқанда (C) жоғары қысымды қолданыңыз.
   c. Цилиндр ұстағышы (E) істіктерден алыстамағанша оны жоғары көтеріңіз.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Көтеру кезінде ескерту дабылын пайдаланыңыз. Жинақ ауыр және оны ұстау ыңғайсыз.**

7. Жинауыш қалқанды (C) ол тірек істіктерінен (G) босатылғанға дейін шетіне қарай жылжытыңыз және қалқан жинағын ұстағыштан ары көтеріңіз.
8. Келесі арнайы нұсқауларды пайдаланып жинағыш қалқанын кері ретпен орнатыңыз.
   - Құлыптау бұрандасын (E) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Құлыптау бұрандасы—
Айналдыру моменті.................................................................. 17 Н·м
(150 фунт-дюйм)



H99087 —UN—17NOV10



H114328 —UN—05JUN15



H114329 —UN—05JUN15

**A—Істік**
**B—Ысырма тақта**
**C—Жинауыш қалқан**
**D—Тесіктің арты**
**E—Құлыптау бұрандасы**
**F—Көтеру цилиндрінің ұстағышы**
**G—Бекіту істіктері**

DM84283,00006FC -KK-22MAY15-2/2

## Сыртқы жинауыш нүктелерін және қалқандарды көтеру және еңкейту

1. Ысырма істігін (A) босатыңыз да, құлыпталған күйге бұрыңыз.
2. Істік (B) орнында құлыпталмағанша сыртқы нүктені көтеріңіз.
3. Істікті (C) босатыңыз да, жинауыш қалқанды және нүктені сыртқа бұрыңыз.

**A—Құлыптайтын ысырма істігі**
**B—Ысырма істігі**
**C—Ысырма істігі**




H88426 —UN—24JUL07




H88427 —UN—23JUL07

KR43067,000073B -KK-19NOV10-1/1

## Шнек еденін тазалау есігі

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Ауыр жарақат алуды болдырмаңыз.**

- **Жабдықты ешқашан мотор қосулы тұрғанда тазаламаңыз.**
- **Жүгері жинағыш тіркемесін жинауышының астында жұмыс істеу кезінде беріліс механизм корпусының қауіпсіздік тежеуішін қосыңыз.**
- **Қоқыстың түсуінен қорғау үшін тиісті көз және бет қорғауыштарын киіңіз.**

1. Ысырманы (A) босатыңыз да, есікті (B) ашыңыз.
2. Жүгері жинағыш тіркемесінің екі жағында тазалау есігін пайдаланып шнек еденін тазалаңыз.
3. Жүгері жинағыш тіркемесін пайдалану алдында есіктің толығымен ысырылғанын тексеріңіз.




H99090 —UN—17NOV10

*Жүгері жинағыш тіркемесінің төменгі жағынан көрініс*

**A—Ысырма**
**B—Есік**

KR43067,00005B2 -KK-18NOV10-1/1

## StalkMaster™ шалғыш пышақтарын қосу және ажырату

StalkMaster шалғыш опциясымен жабдықталған жүгері жинағыш тіркемелері әр шалғыштың беріліс қорабын жеке ажырата алады. Бұл жүргізушіге түрлі қалдық мөлшері қажет жағдайда жүгері жинағыш тіркемесі шалғышын қажет болғанда шалғышсыз бас ретінде немесе сошниктер санын шектеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

1. Жүгері жинағыш тіркемесін толығымен жерге түсіріңіз *немесе* толығымен көтеріңіз және беріліс корпусының қауіпсіздік тежеуішін қосыңыз.
2. Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Қатты жарақат алуды немесе өлімді болдырмаңыз. Бұл процедураны мотор іске қосылған күйде орындамаңыз.**

3. Жинауыш нүктесі мен қалқанды көтеріңіз (бұл бөлімдегі ОРТАҢҒЫ ЖИНАУЫШ ҚАЛҚАНДАРДЫ ЖӘНЕ НҮКТЕЛЕРДІ КӨТЕРУ ЖӘНЕ АЛУ мақаласын қараңыз).
4. Шалғыш беріліс қорабының (A) оң жағына орнатылған иінтіректі қосыңыз/ажыратыңыз.




H96326 —UN—16NOV10

**A—StalkMaster™ шалғыштың беріліс қорабы** **B—Қосу/ажырату иінтірегі**

Шалғыш пышақтарын қосу үшін иінтіректі (B) жоғары, ал ажырату үшін төмен айналдырыңыз.

5. Жинауыш қалқан мен нүктені түсіріңіз.
6. Процедураны әр сошник немесе қажетінше қайталап шығыңыз.

KR43067,00005AA -KK-18MAY10-1/1

## Масақ сақтағыштар

- Масақ сақтағыштар жинауыш шынжырлардан жерге сырғып, масақтардың жоғалуын болдырмайды.
- Дән төмен болғанда немесе сабақтар жинауыш тесігінде жиналатын болса, масақ сақтағыштарды және арматураны алыңыз және бекітіңіз.
- Тік дәнде масақты жоғалтуды болдырмау үшін масақ сақтағыштарды орнатыңыз.

*Масақ сақтағыштарды төмендегідей ауыстырыңыз:*

1. Бұрандаларды (B) және масақ сақтағыштарды (A) алыңыз.
2. Қалған жолақтар үшін қайталаңыз.
3. Масақ сақтағыштарды кері ретпен орнатыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Масақ сақтағыштарды орнатқанда бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.*

**Сипаттама**

Бұрандалар—Айналдыру моменті .......... 25 Нм (18 фунт-фут)




H89201 —UN—12JUL07

**A—Масақ сақтағыштар** **B—Бұрандалар**

KR43067,000055B -KK-12MAY10-1/1

## Сабақ роликтері

Сабақ роликтері дән сабақтарын төмен тартады, сөйтіп сабақтағы масақтар кесіледі де, негіздік тақталарда жиналады.

Қажеттіліктеріңіз үшін қай сабақ роликтері ең жақсы екенін шешу үшін төмендегі нұсқауларды қараңыз:




A—Қарама-қарсы пышақ сабақ роликтері
B—Тік тісті сабақ роликтері
C—Айқас пышақ сабақ роликтері

**(A) Қарама-қарсы пышақ сабақ роликтері—қосымша**

Мына жағдайларда ұсынылады:
- Жинағанда дән сабақтарын кесу және өлшемі бойынша сұрыптау (ұзындығы 10-16 дюйм) қажет.
- Қалдықтардың бұзылуын тездету керек.
- Топырақтың тезірек қызуы және құрғауы қажет.
- Жер жырту және егу жабдығының қалдықтарды жақсырақ өңдеуі керек, әсіресе жоғары түсімді дәнде.
- Басқа аспа құралдармен сабақтарды ұсақтау, кесу немесе өлшемін келтіру үшін қажет жолдарды азайту керек.
- Құрғақ жағдайларда жақсы өнімділік қажет.
- Көп пішен, сабақтар және арамшөптер көп болғанда астық жинау.
- Шалғысыз жүгері жинағыш тіркемелерінде қуат тұтынуын төмендету қажет.

**(B) Тік тісті сабақ роликтері – қосымша***

Мына жағдайларда ұсынылады:
- Қалдықтардың бұзылуын баяулату керек.
- Егу уақытында максималды қалдықтар керек.
- Көбірек қарды ұстау/ылғалды сақтау керек.
- Жер жыртпағанда тар аралықты сеялкалар арқылы жақсырақ қалдық ағыны қажет.
- Ұсақтағыштың толығырақ ұсақтауы қажет.
- Сабақтар масақ деңгейінде немесе одан сәл төмен орташа құрғақ, сынғыш жағдайларда жақсы өнімділік қажет.
- Жүгері жинағыш тіркемесінің қуат тұтынуын төмендету қажет.

**(C) Айқас пышақ сабақ роликтері—қосымша***

Мына жағдайларда ұсынылады:
- Ең жақсы материал пайдалануын қажет етеді.
- Ылғалды, қатты және ылғал көп жағдайларда астық жинау.
- Қалдықтардың бұзылуын тездету керек.
- Топырақтың тезірек қызуы және құрғауы қажет.
- Жер жырту және егу жабдығының қалдықтарды жақсырақ өңдеуі керек, әсіресе жоғары түсімді дәнде.
- Басқа аспа құралдармен сабақтарды ұсақтау, кесу немесе өлшемін келтіру үшін қажет жолдарды азайту керек.

* — 8R36/38C немесе 12R36/38 опциясы емес

KR43067,000096A -KK-08DEC11-1/1

## Active Header Control жер датчиктері

Датчик тұтқалары (A) жинауыш нүктелеріне (B) орнатылған, жүгері жинағыш тіркемесінің астында орналасқан. Датчик тұтқасы потенциометрді іске қосатындай, жер бедерін қайталайды. Берілетін сигнал комбайнға егін ору барысында қажетті кесу биіктігін сақтауға мүмкіндік береді.




A—Датчик тұтқасы
B—Жинауыш нүкте

SS43267,00000CB -KK-31MAY12-1/1

## StalkMaster™ шалғыштың беріліс қораптары (қосымша)

StalkMaster шалғыш беріліс қораптары (A) қосымша жабдықты қажет етпей, бір өтіп кесуге және дән сабақтарын өлшеуге мүмкіндік береді. Жүргізушілердің қалдықты реттеудегі икемділіктің кең ауқымын ұсынатын беріліс қораптарының бірін немесе барлығын ажырату мүмкіндігі бар.

Зауытта орнатылған дән сабақтарының шалғыштары 606C-SM, 608C-SM, 612C-SM, 616C-SM және 618C-SM жүгері жинағыш тіркемелерінде қолжетімді.

**МАҢЫЗДЫ: Қызметтік бөлшектермен бірге сатып алынатын шалғыштың ауыстырылатын беріліс қораптары құрғақ күйде жеткізіледі. Беріліс қорабы пайдаланудың алдында тиісті деңгейге дейін маймен толтырылуы тиіс (сипаттамаларды алу үшін МАЙЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ бөлімін қараңыз).**




H96323 —UN—19MAY10

**A—StalkMaster ™ шалғыштың беріліс қораптары**

KR43067,00005A4 -KK-19MAY10-1/1

## AutoTrac RowSense

AutoTrac RowSense жүгері жинағыш тіркемесінде орнатылған датчиктердің кіріс сигналын пайдаланып, бар GPS навигациясына астық жинау кезінде комбайнды басқаруға көмектеседі.

Жинауыш нүктелер арқылы өткенде дән сабақтары орнатылған датчик тұтқаларының жиынын (A) итереді. Бұл датчиктерден келетін сигналдар дән жолағының орнын анықтау үшін пайдаланылады және комбайнда дәнмен бір сызықта ұстау үшін комбайнның рульдік басқаруына баптауларды жасайды.

*6R36/38, 8R36/38 және 12R36/38 опциясы EMEC*

**A—Жолақ датчиктері**




H95836 —UN—25MAR10

SS43267,000014C -KK-11OCT12-1/1

## Пая шамдары

Тура жүгері жинағыш тіркемесінің артындағы аумаққа жарық түсіреді, сөйтіп механик-жүргізуші түнде астық жинағанда кесу биіктігін көреді.

Пая шамының бағытын ең жақсы көрінуге баптауға болады.




H91762 —UN—20MAY08

KR43067,0000755 -KK-01DEC10-1/1

## Жинауыш нүктелерін баптау және теңгеру

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Нүктелер жерден жоғары болмағанша жүгері жинағыш тіркемесін көтеріңіз, моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.**

Жинауыштың бір нүктесін тиісті биіктікке орнатыңыз. Қалған нүктелерді дәл сол биіктікке орнатыңыз.

1. Істік (B) орнында құлыпталмағанша нүктені (A) көтеріңіз.
2. Серіппені құлыптау істігін (C) тартыңыз және орналасу саңылауларын (D) пайдаланып, биіктікті баптаңыз.
3. Дәл баптауларды контргайканы (E) босату және бұранданы (F) жоғары не төмен баптау арқылы орындауға болады.



H99083 —UN—17NOV10

**A—Нүкте**
**B—Істік**
**C—Құлыптау істігі**
**D—Орналасу саңылауы**
**E—Контргайка**
**F—Бұранда**

KR43067,0000733 -KK-18NOV10-1/1

## Қоқыс пышақтарын баптау




H101481 —UN—17MAY11

Қоқыс пышақтары (A) арамшөптер мен қоқыстың сабақ роликтеріне оралуын болдырмайды.

1. Бұрандаларды (B) босатыңыз.
2. Шеті мен пышақтың (C) арасындағы аралық сипаттамаға сәйкес болатындай қоқыс пышақтарының артқы жағын баптаңыз.

**Сипаттама**

Сабақ ролигінің шетінен қоқыс пышағына дейін—Максималды аралық........ 1,5 мм (1/16 дюйм)

3. Сабақ ролигінің түйіні (D) үшін сәйкес аралықты қамтамасыз етіп, қоқыс пышағының алдыңғы жағын баптаңыз.
4. Бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Қоқыс пышағын орнату бұрандалары—Айналдыру моменті........ 130 Н·м (96 фунт-фут)

5. Сабан роликтерін қолмен айналдырып, сабан ролигі мен пышақ арасында жанасу жоқтығына көз жеткізіңіз.
6. Процедураны қарама-қарсы қоқыс пышағында және қалған сошниктер үшін қайталаңыз.

**A—Қоқыс пышағы**
**B—Бұрандалар және шайбалар (8 пайдаланылған)**
**C—Аралық, сабақ ролигінің шетінен қоқыс пышағына дейін**
**D—Аралық, сабақ ролигінің түйінінен қоқыс пышағына дейін**

KR43067,00008B5 -KK-15JUN11-1/1

## Жинауыш шынжырдың керілісін баптау




H99091 —UN—17NOV10

Жинауыш шынжырдың керілісі серіппелі бекемдегішпен сақталады. Серіппе аралық түтікпен (A) қоршалған. Ол қосымша жұлдызшаның (B) тым алыс тартылуын болдырмайтын тоқтатқыш ретінде қызмет етеді.

- Жинауыш шынжыр керілісін арттыру үшін гайканы (C) босатыңыз да, бұрандамен (D) бекемдеңіз.
- Шынжырдың қосымша жұлдызшадан шығуын болдырмау үшін аралық түтік (A) пен шайба (E) арасында 4,8 мм (3/16 дюйм) максималды кеңістікті сақтаңыз.

**A—Аралық түтік**
**B—Қосымша жұлдызша**
**C—Гайка**
**D—Бұранда**
**E—Шайба**

KR43067,0000734 -KK-01DEC10-1/1

## Жинауыш шынжыр түйіндерін баптау

Жинауыш шынжырлар зауытта шынжыр түйіндері (A) бір біріне кіргізілген түрде жиналады.

**МАҢЫЗДЫ: Жинауыштар жерге жақын болғанда, жолақта тастардан және басқа кедергілерден өтпеңіз.**

1. Нүктелер мен қалқандарды қажетінше ашыңыз.

**A—Шынжыр түйіндері**




H89420 —UN—01AUG07

KR43067,0000735 -KK-01DEC10-1/3

2. Гайканы (A) ол қосымша тірек скобасының (B) тіреуіне жеткенше бұрыңыз.
3. Гайка (D) ажыратылмағанша бұранданы (C) босатыңыз.

**A—Гайка**
**B—Скоба**
**C—Бұранда**
**D—Гайка**




H99092 —UN—17NOV10

KR43067,0000735 -KK-01DEC10-2/3

4. Шынжырды жетекші жұлдызшадан (A) көтеріп, шынжырды түйіндердің (B) аралығы біркелкі болғанша бұрыңыз. Шынжырды қайтадан жұлдызшаға орнатыңыз.
5. Бұранданы (C) гайкаға (D) бұраңыз да, аралық түтік (E) пен шайба (F) арасындағы максималды аралық 4,8 мм (3/16 дюйм) болғанша бекемдеңіз.
6. Гайканы (G) қосымша жинаққа тиіп тұратындай бекемдеңіз.

**A—Жетекші жұлдызша**
**B—Түйіндер**
**C—Бұранда**
**D—Гайка**
**E—Аралық түтік**
**F—Шайба**
**G—Гайка**




H99114 —UN—17NOV10

KR43067,0000735 -KK-01DEC10-3/3

## Негіздік тақталарды баптау

*ЕСКЕРТУ: Негіздік тақталар зауытта орнатылады.*

1. Негіздік тақталарды жабылған күйге орнатыңыз (цилиндр (A) толығымен шығарылған). Сол жақ негіздік тақталар жабық күйде екенін тексеріңіз де, қажет болса қысқышты (B) ысырыңыз да, бекемдеңіз.
2. Жабдықты бекіткенде қысқыш (B) жабылып, бекіту тақтасын қысады. Қалған қатарларды өңдеу секцияларына тұтқаларды орнатыңыз.

**A—Цилиндр** **B—Қысқыш**




H90238 —UN—14JAN09

DM84283,00006D3 -KK-09JUL15-1/2

3. Оң жақ негіздік тақтаның жылжуына мүмкіндік беретіндей бұрандаларды (A) босатыңыз.
4. Алдыңғы аралықты (B) 15 мм (23/32 дюйм) деп, артқы аралықты (C) 17 мм (25/32 дюйм) деп орнатыңыз.
5. Бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Негіздік тақтаның бұрандалары—Айналдыру моменті........................................95 Н·м (70-фунт-фут)

**A—Бұрандалар** **C—Артқы аралық**
**B—Алдыңғы аралық**




H99115 —UN—17NOV10

DM84283,00006D3 -KK-09JUL15-2/2

## Сошник жетегінің шынжырын баптау

1. Бұрандаларды, шайбаларды (A) және қақпақты (B) алыңыз.

**A—Бұрандалар және шайбалар (6 пайдаланылған)** **B—Қақпақ**




H99229 —UN—30NOV10

Келесі бетте жалғасады DM84283,00006F7 -KK-21MAY15-1/2

*ЕСКЕРТУ: Шамадан тыс бекемделген шынжыр шынжыржың мерзімінен бұрын тозуын тудырады. Сошник шынжыры - қосқыш тізбегі жоқ үздіксіз шынжыр.*

2. Керу құралының жабдығын (A) босатыңыз.
3. Шынжырдың керілісін арттыру үшін керу құралын төмен етіп, ал керілісті азайту үшін жоғары етіп баптаңыз. Төменгі шынжыр тұтамы (B) жоғары 10 мм (25/64 дюйм) және төмен 10 мм (25/64 дюйм) жылжуы тиіс. Жабдықты сипаттамаға сәйкес бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Керу бұрандалары—Айналдыру моменті.......... 90 Н·м (66 фунт-фут)

**МАҢЫЗДЫ: Қақпақты орнатудың алдында О-тәрізді тығыздауыш (C) таза және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қажетінше ауыстырыңыз.**

4. Бұрандалар және шайбаларды пайдаланып қақпақты орнатыңыз. Жабын бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.




H99230 —UN—30NOV10

A—Керу құрал жабдығы
B—Төменгі жетек шынжыры
C—Тығыздауыш

**Сипаттама**

Сошник шыншырының жабыны—Айналдыру моменті.......... 17 Н·м (150 фунт-дюйм)

DM84283,00006F7 -KK-21MAY15-2/2

## Сошниктің жетек жұлдызшаларын жылдамдығы бекітілген жетекпен ғана баптау

| Жүгері жинағыш тіркемелері үшін жұлдызша жұбы | | | |
|---|---|---|---|
| **Үлгі** | **Жүргізуші жағы** | **Жетекші жұлдызша** | **Жетектелетін жұлдызша** |
| 6R, шалғышсыз | Сол жақ | 30 | 33 |
| 8R36/38<br>12R, шалғышсыз | Қос | 30 | 33 |
| 8R30 | Сол жақ | 24 | 27 |
| Барлық шалғыш жүгері жинағыш тіркемелері (StalkMaster)<br>16R, шалғышсыз<br>18R, шалғышсыз | Қос | 24 | 27 |

**МАҢЫЗДЫ: Бұл жұлдызшалар өзгермелі жылдамдықты комбайндар үшін *ауыстырылмауы* тиіс.**

**Жүгері жинағыш тіркемесінің жетек жұлдызшаларын өзгермелі жылдамдықты беріліс механизмімен ауыстыру жүгері жинағыш тіркемесінің жылдамдығы шамадан тыс артылып, машинаның зақымдалуына әкелуі мүмкін. Алдыңғы жетектелетін білік ешқашан 715 а/м-тан аспауы керек.**

1. Майды төгіңіз және жабын поддонын алыңыз (ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ бөліміндегі МАЙ ПОДДОНЫН АЛУ ЖӘНЕ ОРНАТУ мақаласын қараңыз).
2. Керу жабдығын босатыңыз және жетек шынжырын алыңыз.
3. Жетек жұлдызшаларын қажетінше алыңыз және орнатыңыз.
4. Жетек шынжырын орнатыңыз және керілістің тиісті параметрін баптаңыз ("БАПТАУЛАР — ЖҮГЕРІ ЖИНАҒЫШ ТІРКЕМЕСІ" бөліміндегі "СОШНИКТІҢ ЖЕТЕК ШЫНЖЫРЫН БАПТАУ" мақаласын қараңыз).
5. Жабын поддонын орнатыңыз.
6. Майды тиісті деңгейіне дейін қосыңыз (ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ бөліміндегі МАЙ ПОДДОНЫН АЛУ ЖӘНЕ ОРНАТУ мақаласын қараңыз).
7. Қос жетекті жүгері жинағыш тіркемелерінде процедураны қарама-қарсы жақта қайталаңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Қол жетекті жүгері жинағыш тіркемелері үшін жұлдызшалар конфигурациясы әр шетінде бірдей болуы тиіс.**

**КОМБАЙНДАР —**

*ЕСКЕРТУ: Ұсынылған жүру жылдамдығы орташа алқап жағдайларына негізделген. Алқап жағдайыңыз өзгешеленуі мүмкін, ол үшін басқа жұлдызша конйьфигурациясы қажет.*

*Жоғары жол жылдамдықтарымен жүргізгенде кіші жұлдызшаны жетекші білігіне және үлкен жұлдызшаны жетекші білікке орнатыңыз.*

| Жұлдызша конфигурациясы үшін комбайнның ұсынылған жүру жылдамдығы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Шалғышы жоқ жүгері жинағыш тіркемесі** | | **Шалғыш жүгері жинағыш тіркемесі** | |
| **Ұсынылатын жылдамдық** | Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша | Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша |
| 7 км/сағ (4 миль/сағ) не одан кем | 30 тісті | 33 тісті | 24 тісті | 27 тісті |
| 7 км/сағ (4 миль/сағ) жоғары | 33 тісті | 30 тісті | 27 тісті | 24 тісті |

**ЕГІН ОРҒЫШТАР —**

*ЕСКЕРТУ: Ұсынылған жүру жылдамдығы орташа алқап жағдайларына негізделген. Алқап жағдайыңыз өзгешеленуі мүмкін, ол үшін басқа жұлдызша конйьфигурациясы қажет.*

*Жоғары жол жылдамдықтарымен жүргізгенде кіші жұлдызшаны жетекші білігіне және үлкен жұлдызшаны жетекші білікке орнатыңыз.*

| Жұлдызша конфигурациясы үшін егін орғыштардың ұсынылған жүру жылдамдығы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Шалғышы жоқ жүгері жинағыш тіркемесі** | | **Шалғыш жүгері жинағыш тіркемесі** | |
| **Ұсынылатын жылдамдық** | Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша | Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша |
| 5 км/сағ (3 миль/сағ) не одан кем | 30 тісті | 33 тісті | 24 тісті | 27 тісті |
| 5 км/сағ (3 миль/сағ) жоғары | 33 тісті | 30 тісті | 27 тісті | 24 тісті |

**ЖҮГЕРІ ТАЗАЛАҒЫШТАРЫ —**

| Жүгері тазалағыштары үшін ұсынылған жұлдызша конфигурациясы | | | |
|---|---|---|---|
| **Шалғышы жоқ жүгері жинағыш тіркемесі** | | **Шалғыш жүгері жинағыш тіркемесі** | |
| Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша | Жетекші жұлдызша | Жетектелетін жұлдызша |
| 33 тісті | 30 тісті | 27 тісті | 24 тісті |

KR43067,00009BF -KK-09DEC11-1/1

## Шнек биіктігін баптау

Шнек қанаты мен еденнің арасында аралық болуы үшін шнекті жоғары және төмен баптауға болады.

Көп жағдайларда шнекті төмен баптаңыз. Жүгеріде және ас жүгерісінде масақты зақымдамау үшін шнекті көтеріңіз.

1. Ішпек тасушысын (A) табу үшін бүйірлік қалқанды ашыңыз.
2. Арматураны (B) босатыңыз да, шнек биіктігін жоғары немесе төмен баптаңыз.
3. Егер шнекті тесіктер (C) мүмкіндік беретіннен жоғарырақ көтеру қажет болса:
   a. Ішпек тасушысынан арматураны алыңыз.
   b. Тасушыны төменгі орнату тесіктерінен (D) жоғарғы орнату тесіктеріне (E) жылжытыңыз да, арматураны қайта орнатыңыз.
4. Тасушы арматурасын бекемдеңіз де, бүйірлік қалқандарды жабыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Шнектің екі жағы бірдей бапталғанын тексеріңіз.**

5. Жүгері жинағыш тіркемесінің қарама-қарсы жағында биіктікті баптауды қайталаңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Шнек қанаты мен еденнің арасында 22 мм (7/8 дюйм) аралық, ал шнек қанаты мен масақ терушінің арасында 6 мм (1/4 дюйм) аралық болуы керек.**

**Сипаттама**

Шнек қанаты мен еден—Бос аралық........ 22 мм (7/8 дюйм)

Шнек қанаты мен масақ теруші—Бос аралық........ 6 мм (1/4 дюйм)




H95837 —UN—25MAR10

*Оң жағы көрсетілген*




H95838 —UN—25MAR10

**A—Ішпек тасушы**
**B—Арматура (көрсетілмеген)**
**C—Тесік**
**D—Төменгі саңылау**
**E—Жоғарғы тесік**

**Осы бөлімде "ТӨМЕНГІ МАСАҚ ТЕРУШІНІ БАПТАУ" мақаласын қараңыз.**

**Келесі бетте жалғасады** KR43067,00005A6 -KK-19MAY10-1/2

6. **12, 16 және 18 жолды шнектің биіктігін баптау:**

a. Арматураны (A) босатыңыз.

b. Шнекті жоғары немесе төмен жылжыту үшін гайканы (C) баптаңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Шнек қанаты мен еденнің арасында 22 мм (7/8 дюйм) аралық, ал шнек қанаты мен масақ терушінің арасында 6 мм (1/4 дюйм) аралық болуы керек.**

**Сипаттама**

Шнек қанаты мен еден—Бос аралық........ 22 мм (7/8 дюйм)

Шнек қанаты мен масақ теруші—Бос аралық........ 6 мм (1/4 дюйм)

**Осы бөлімде "ТӨМЕНГІ МАСАҚ ТЕРУШІНІ БАПТАУ" мақаласын қараңыз.**

c. Ас жүгерісінде пайдалану үшін шнекті еденнен 76 мм (3 дюйм) көтерсеңіз, арматураны (A) алыңыз.

d. Шнекті тесіктер (C) жоғарғы тесіктермен (D) туралағанша көтеріңіз де, арматураны қайта орнатыңыз.

e. Сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Орталық тірек гайкалары—Айналдыру моменті........ 90 Нм (66 фунт-фут)




*Шнектің орталық тірегі көрсетілген*




**A—Жабдық**
**B—Гайка**
**C—Баптау ойықтары**
**D—Жоғарғы тесіктер (3-і пайдаланылады)**

f. Бүйірлік қалқандарды жабыңыз.

KR43067,00005A6 -KK-19MAY10-2/2

## Төменгі масақ терушіні баптау

Жүгері жинағыш тіркемесінің артқы қабырғасындағы масақ терушілер беріліс механизмі корпусына тасымалданатын жинау материалының шнекке оралуын болдырмайды. Төменгі масақ терушіні (A) баптауға болады.

Арматураны (B) босатыңыз, масақ терушіні шнек қанаты (C) мен масақ терушінің жиегі (D) арасында 6 мм (1/4 дюйм) саңылау болатындай баптаңыз және арматураны бекемдеңіз.

**A—Төменгі масақ теруші**
**B—Жабдық**
**C—Шнек қанаты**
**D—Масақ терушінің жиегі**




H95839 —UN—25MAR10

KR43067,0000566 -KK-25MAR10-1/1

## Шынжырды қосу

шынжырды қосу тізбегін қосқанда серіппелі құлыптың жабық шеті шынжырдың жүру бағытына қарауы керек.




H41470 —UN—28NOV89

KR43067,0000738 -KK-09JUL15-1/1

## Шнек жетегінің шынжырын баптау

1. Бұрандалар (A) мен қақпақты (B) алыңыз.
2. Құлыптау гайкасын (C) босатыңыз.
3. Шынжыр керілісін арттыру үшін қосымша тақтаны (D) төмен және керілісті азайту үшін тақтаны жоғары жылжытыңыз.
4. Құлыптау гайкаларын сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Қосымша тақта гайкалары—Айналдыру моменті........................ 90 Н·м (66 фунт-фут)

*ЕСКЕРТУ: Шамадан тыс керіліс шынжырдың мерзімінен бұрын тозуын тудырады. Шынжыр керілісін бос жақтың қозғалысы жоғары қарай 10 мм (3/8 дюйм) және төмен қарай 10 мм (3/8 дюйм) болатындай орнатыңыз.*

**A—Бұрандалар**
**B—Қақпақ**
**C—Құлыптау гайкалары**
**D—Қосымша тақта**




H114322 —UN—05JUN15




H114323 —UN—05JUN15

DM84283,00006F8 -KK-21MAY15-1/1

## Май




Майды NLGI консистенция нөмірлеріне және қызмет көрсету аралығында күтілетін ауа температурасы ауқымына негізделіп, пайдаланыңыз.

Келесі май ұсынылады:

- John Deere SD POLYUREA GREASE (TY6341)

Мына жіктеуге сай болса, басқа майларды пайдалануға болады:

- NLGI өнімділік жіктеуі GC-LB

**МАҢЫЗДЫ: Майлардың кейбір түрлері қою және басқаларымен үйлеспейді.**

**Егер май фитингі жоқ болса, бірден қайта қойыңыз. Май шприцін пайдалану алдында фитингтерді мұқият тазалаңыз.**

| Өнім нөмірі | Сипаттама |
|---|---|
| TY6341 | Көп мақсатты, жоғары температуралық жоғары қысымды май, әсіресе айналып тиетін қолдануларда тиімді. |

AG,OUO1035,1175 -KK-09JUL15-1/1

## Майларды сақтау

Жабдық таза майлар пайдаланылса ғана жоғары өнімділікпен жұмыс істейді.

Барлық майлар үшін таза ыдыстарды пайдаланыңыз.

Мүмкін болса, майларды және ыдыстарды шаңнан, ылғалдан және басқа кірден қорғалған аймақта сақтаңыз. Су мен кірдің жиналуын болдырмау үшін ыдыстарды бүйіріне қойып сақтаңыз.

Барлық ыдыстарда ішінде не бар екенін көрсететін белгі қойылғанын тексеріңіз.

Ескі ыдыстарды және оларда болуы мүмкін бүкіл қалдық майды тиісті түрде тастаңыз.

DX,LUBST -KK-18MAR96-1/1

## Баламалы және синтетикалық майлар

Белгілі бір географиялық аймақтардағы жағдайлар осы нұсқаулықта басылғаннан басқа май ұсыныстарын қажет етуі мүмкін.

Белгілі бір географиялық аймақтардағы жағдайлар осы нұсқаулықта басылғаннан басқа май ұсыныстарын қажет етуі мүмкін.

Ақпарат және ұсыныстар алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.

Осы нұсқаулықта көрсетілген өнімділік талаптарына сай болса, синтетикалық майларды пайдалануға болады.

Осы нұсқаулықта көрсетілген температура шектері мен қызмет көрсету аралықтары әдеттегі майларға да, синтетикалық майларға да қатысты.

Аяқталған май өнімділік талаптарына сай болса, қайта тазаланған негізгі қоймадағы өнімдерді пайдалануға болады.

DX,ALTER -KK-11APR11-1/1

## Майларды араластыру

Жалпы, майдың әр түрлі маркаларын немесе түрлерін араластырмаңыз. Майды жасап шығарушылар белгілі бір техникалық сипаттама және өнімділік талаптарына сай болу үшін майларына қоспалар қосады.

Әр түрлі майларды араластыру осы қоспалардың тиісті қызмет етуіне кедергі келтіруі және май өнімділігін нашарлатуы мүмкін.

Арнайы ақпарат және ұсыныстар алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.

DX,LUBMIX -KK-18MAR96-1/1

## Майлау аралығының кестесі

| Майлау аралығының кестесі | | |
|---|---|---|
| | 200 сағат | 1000 сағат |
| Шынжырларды тексеру және баптау | • | |
| Сошник жетегінің шынжырындағы майды ауыстыру | • | |
| Шнек жетегінің шынжырын майлау | • | |
| Сошник беріліс қорабының майын тексеру | • | |
| Сошниктің сырғу муфтасын майлау | • | |
| Шнек жетегінің сырғу муфтасын майлау | • | |
| Шалғыштағы беріліс қорабының майын тексеру (жабдықталған болса) | • | |
| Кіріс жетекші білікті майлау | • | |
| Сошник беріліс қорабындағы майды ауыстыру | | • |
| Шалғыш беріліс қорабындағы майды ауыстыру (жабдықталған болса) | | • |

**МАҢЫЗДЫ: Жүйенің ласталуына байланысты жабдықтың зақымдалуын және істен шығуын болдырмау үшін май фитингтерін әрқашан майлаудың алдында *және* одан кейін тазалаңыз.**

**Май фитингі зақымдалған немесе жоқ болса, оны бірден ауыстырыңыз.**

**МАҢЫЗДЫ: Май деңгейлерін тексергенде, алу алдында әрқашан қақпақтардың айналасындағы аумақты тазалаңыз.**

**Қақпақтарды әрқашан берік бекемдеңіз.**

KR43067,000096B -KK-24OCT11-1/1

## Әр 200 сағат жұмыс істеген сайын

### Шынжырларды тексеру және баптау—жинауыш, шнек жетегі және сошник жетегі

*ЕСКЕРТУ: Түрлі жүгері жинағыш тіркемесі модельдерінде әр шынжырдың саны әр түрлі болуы мүмкін.*

1. **Шнек шынжыры (A):** Шынжырдың күйі мен керілісін тексеріңіз. Қажетінше оны баптаңыз не ауыстырыңыз ("Баптау" бөліміндегі "Шнек шынжырын баптау" мақаласын қараңыз).
2. **Сошник жетегінің шынжыры (B):** Шынжыр(лар)дың күйі мен керілісін тексеріңіз. Қажетінше оны баптаңыз не ауыстырыңыз (БАПТАУ бөліміндегі СОШНИК ЖЕТЕГІНІҢ ШЫНЖЫРЫН БАПТАУ мақаласын қараңыз).
3. **Жинауыш шынжырлары (C):** Шынжырлардың күйі мен керілісін тексеріңіз. Қажетінше оны баптаңыз не ауыстырыңыз ("Баптау" бөліміндегі "Жинауыш шынжырдың керілісін баптау" мақаласын қараңыз).




H93818 —UN—14APR09

**A—Шнектің жетек шынжыры**
**B—Сошник жетегінің шынжыры**
**C—Жинауыш шынжыр**

Келесі бетте жалғасады

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-1/8

**Сошник жетегінің шынжырындағы майды ауыстырыңыз:**

**МАҢЫЗДЫ: Шынжырдың шамадан тыс тозуын болдырмау үшін май деңгейін сипаттамаға сай сақтаңыз.**

1. Жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін қосыңыз.
2. Төгу алдында майды қыздыру үшін хедерді қысқа уақыт бойы жұмыс істетіңіз.

*ЕСКЕРТУ: Сұйықтықты таза контейнерге төгіңіз және тиісінше тастаңыз.*

3. Төгу қақпағын (A) алып, қауіпсіздік тежеуішін өшіріңіз және хедерді майын төгу үшін төмендетіңіз.
4. Төгу тығынын орнатыңыз.
5. Тексеру қақпағын (B) және қолжеткізу есігін (C) алыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Май деңгейін жүгері жинағыш тіркемесі комбайнда болғанда және жинауыш нүктелері жерге тиіп тұрғанда (шамамен 25 градус бұрышпен) тексеру керек.**

6. Қолжеткізу есігінің саңылауы (D) арқылы SAE 80/90 беріліс майын тексеру қақпағы саңылауының (E) төменгі жағымен бір деңгейде болғанша қосыңыз. Шамамен алынған сыйымдылық - 0,9 л (1 кварта).

**Сипаттама**

Жетек шынжырының майы—Сыйымдылық.......... 0,9 л (1 кварта)

*ЕСКЕРТУ: Қолжеткізу есігінің тығыздауышының таза және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.*

7. Сошник жетегінің шынжыр корпусин орнатыңыз және тығынды тексеріңіз. Жабын бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Сошник шыншырының жабыны—Айналдыру моменті.......... 17 Н·м (150 фунт-дюйм)










**A—Төгу қақпағы**
**B—Тексеру тығыны**
**C—Қақпақ**
**D—Толтыру орны**
**E—Тығын саңылауы**

8. Жүгері жинағыш тіркемесінде қос жетекші біліктер пайдаланылса, қарама-қарсы жақта қайталаңыз.

**Келесі бетте жалғасады** DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-2/8

**Шнек жетегінің шынжырларын майлаңыз:**

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Ауыр жарақатты болдырмау үшін шынжырларды мотор қосулы тұрғанда ешқашан майламаңыз.**

1. Шынжырларды майлау алдында хедерді қысқа уақыт бойы жұмыс істетіңіз. Жылы шынжыр істіктер мен втулкалардың арасына майдың енуін арттырады.
2. Шынжырды SAE 30 немесе одан ауырлау маймен майлаңыз. John Deere TY6240 шынжыр майы аэрозольдік баллон түрінде қол жетімді.
3. Жүгері жинағыш тіркемесінде қос жетекші біліктер пайдаланылса, қарама-қарсы жақта қайталаңыз.




H93817 —UN—14APR09

A—Шнектің жетек шынжыры

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-3/8

**Сошник беріліс қорабының майын тексеріңіз:**

*ЕСКЕРТУ: Өлшегіш арқылы дәл нәтижелерді алу үшін сошник беріліс қорабының майы жылы және хедер көтерулі болуы керек.*

1. Беріліс қорабындағы майды қыздыру үшін хедерді қысқа уақыт бойы жұмыс істетіңіз.
2. Жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін қосыңыз.
3. Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.
4. Беріліс қорабына кір мен қоқыстың кіруін болдырмау үшін тексеру қақпағының/өлшегішінің (A) айналасындағы аумақты тазалаңыз.
5. Өлшегішті алыңыз және сүртіңіз.
6. Өлшегішті толығымен беріліс қорабына енгізіңіз де, шығарып алып, біліктегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
7. Деңгей толық белгісінен (B) төмен болса, TY6296 80W 90 GL-5 беріліс майын өлшегіш саңылауы арқылы толық деңгейге жеткенше толтырыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Беріліс қорабын шамадан тыс толтырмаңыз. Беріліс қорабын минимум деңгейінен (C) толық деңгейге (B) дейін толтыру үшін 0,42 л (0,44 кварта) май керек. Басқа деңгейлерде құйылатын майдың мөлшері пропорционалды.**




H103950 —UN—09NOV11




H100565 —UN—03MAR11

A—Тексеру қақпағы/өлшегіші    C—Ең аз белгісі
B—Толық белгісі

Келесі бетте жалғасады

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-4/8

## Сошниктің сырғу муфталарын майлаңыз:




H99158 —UN—22NOV10

Шалғышы жоқ үлгі көрсетілген




H114327 —UN—05JUN15

**A—Сошник сырғу муфтасының май фитингілері**
**B—Шалғыш беріліс қорабы**

**МАҢЫЗДЫ: Әр сырғу муфтасында қолжеткізу оңай болуы үшін бірнеше май фитингі бар. Әр муфтада БІР ғана фитингті майлау керек.**

1. Жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін қосыңыз.
2. *Шалғышы жоқ жүгері жинағыш тіркемесі үшін ғана:*
   a. Сошниктің сырғу муфтасын хедердің астына орнатыңыз. Сырғу муфтасы беріліс қорабының сол жағында орнатылған.
   b. Сырғу муфтасындағы бір май фитингісіне (A) 10 рет май бүркіңіз.
   c. Майлауды қалған сошниктерде қайталаңыз.
3. *Шалғышы бар жүгері жинағыш тіркемесі үшін ғана:*
   a. Сошниктің сырғу муфтасын хедердің астына орнатыңыз. Сырғу муфтасы беріліс қорабы және шалғыш беріліс қорабының (B) арасында орнатылған.
   b. Сырғу муфтасындағы бір май фитингісіне (A) 10 рет май бүркіңіз.
   c. Майлауды қалған сошниктерде қайталаңыз.

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-5/8

## Шнек жетегінің сырғу муфтасын майлаңыз:




H114324 —UN—05JUN15

**МАҢЫЗДЫ: Әр сырғу муфтасында қолжеткізу оңай болуы үшін бірнеше май фитингі бар. Әр муфтада БІР ғана фитингті майлау керек.**

1. Шнек жетегінің сырғу муфтасындағы бір май фитингісіне (A) 10 рет май бүркіңіз.
2. Жүгері жинағыш тіркемесінде қос жетекші біліктер пайдаланылса, қарама-қарсы жақта қайталаңыз.

**A—Шнек жетегіндегі сырғу муфтасының май фитингісі**

**Келесі бетте жалғасады**

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-6/8

## StalkMaster™ беріліс қорабының майын тексеріңіз (жабдықталған болса):

*ЕСКЕРТУ: Дәл май деңгейіне дейін толтыру үшін шалғыш беріліс қорабының майы жылы және хедер көтерулі болуы тиіс.*

1. Беріліс қорабының майын қыздыру үшін хедерді қысқа уақыт бойы жұмыс істетіңіз.
2. StalkMaster™ жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тежегішін қосыңыз.
3. Моторды өшіріңіз, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.
4. Беріліс қорабының артындағы тексеру/толтыру қақпағын (A) алыңыз. Май деңгейі тексеру/толтыру қақпағы тесігінің төменгі жағында болуы керек. Дұрыс деңгейге жету үшін TY6296 80W 90 GL-5 беріліс майын қажетінше қосыңыз. Тексеру/толтыру қақпағын қайта орнатыңыз.
5. Беріліс қорабының алдындағы тексеру/толтыру қақпағын (B) алыңыз. Май деңгейі тексеру/толтыру қақпағы тесігінің төменгі жағында болуы керек. Дұрыс деңгейге жету үшін TY6296 80W 90 GL-5 беріліс майын қажетінше қосыңыз. Тексеру/толтыру қақпағын қайта орнатыңыз.
6. Қалған шалғыштың беріліс қораптары үшін қайталаңыз.

*StalkMaster – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*




H114325 —UN—05JUN15




H99160 —UN—22NOV10

*Алдыңғы қойма көрсетілген*

**A—Тексеру/толтыру қақпағы** **B—Тексеру/толтыру қақпағы**

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-7/8

## Кіріс жетекші білікті майлаңыз:

1. Май фитингіге қол жеткізу үшін қалқанды қажетінше айналдырыңыз.
2. Кіріс жетекші біліктің май фитингін (A) майлаңыз.
3. Жүгері жинағыш тіркемесінде қос жетекші біліктер пайдаланылса, қарама-қарсы жақта қайталаңыз.

**A—Жетек білігінің май фитингісі**




H99098 —UN—17NOV10

DM84283,00006F9 -KK-13JUL15-8/8

## Әр 1000 сағат жұмыс істеген сайын

**МАҢЫЗДЫ: Жүйенің ласталуына байланысты жабдықтың зақымдалуын және істен шығуын болдырмау үшін май фитингтерін әрқашан майлаудың алдында және одан кейін тазалаңыз.**

**Май фитингі зақымдалған немесе жоқ болса, оны бірден ауыстырыңыз.**




*Сошниктік үстіңгі көрінісі*

*ЕСКЕРТУ: Майды төгу және толтыру үшін сошник беріліс қораптары жылы және хедер көтерулі болуы тиіс.*

1. Сошник беріліс қорабы майын қыздыру үшін хедерді іске қосыңыз.
2. Хедерді толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тежеуішін қосыңыз.
3. Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.
4. Беріліс қорабына кір мен қоқыстың кіруін болдырмау үшін тексеру қақпағының/өлшегішінің (A) айналасындағы аумақты тазалаңыз.
5. Өлшегішті алыңыз және сүртіңіз.

*ЕСКЕРТУ: Майды таза контейнерге төгіңіз және тиісінше тастаңыз.*

6. Төгу тығынын (B) алыңыз және майды ағызыңыз.
7. Төгу тығынын қайта орнатыңыз.
8. TY6296 80W 90 GL-5 беріліс майын өлшегіштің саңылауы арқылы қосыңыз.

**Сипаттама**

Қойма—Сыйымдылық.............................................................1100 мл (37,2 унция)

9. Өлшегішті толығымен беріліс қорабына енгізіңіз де, шығарып алып, біліктегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз.

**МАҢЫЗДЫ: Май деңгейлерін тексергенде, алу алдында әрқашан қақпақтардың айналасындағы аумақты тазалаңыз.**

**Қақпақтарды әрқашан берік бекемдеңіз.**

### Сошник беріліс қорабындағы майды ауыстыру




*Сошниктің астыңғы, артқы көрінісі*




**A—Тексеру қақпағы/өлшегіші**
**B—Төгу тығыны**
**C—Толық белгісі**
**D—Ең аз белгісі**

10. Деңгей толық белгісінен (C) төмен болса, қажетінше майды қосыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Беріліс қорабын шамадан тыс толтырмаңыз. Деңгейді минимум белгісінен (D) толық белгісіне (C) дейін толтыру үшін 0,42 л (0,44 кварта) май керек. Басқа деңгейлерде құйылатын майдың мөлшері пропорционалды.**

11. Өлшегішті қайта орнатыңыз.
12. Қалған сошниктің беріліс қораптары үшін қайталаңыз.

**Келесі бетте жалғасады**

DM84283,00006FA -KK-22MAY15-1/2

## Шалғыш беріліс қорабындағы майды ауыстыру

*ЕСКЕРТУ: Майды төгу және толтыру үшін шалғыш беріліс қораптары жылы және хедер көтерулі болуы тиіс. Алдыңғы қойма майын қыздыру үшін шалғыш пышақтары беріліс қорабының иінтірегімен қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.*

1. Шалғышы беріліс қорабы майын қыздыру үшін хедерді іске қосыңыз.
2. Хедерді толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тежеуішін қосыңыз.
3. Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Майды таза контейнерге төгіңіз және тиісінше тастаңыз.*

4. Алдыңғы және артқа төгу қақпақтарын (A және B) алыңыз да, майды төгіңіз.
5. Қақпақтарды қайта орнатыңыз.
6. Алдыңғы және артқы тексеру/толтыру қақпақтарын (C және D) алыңыз.
7. Тексеру/толтыру қақпағының саңылауларының астымен теңеспегенше TY6296 80W 90 GL-5 беріліс майын алдыңғы және артқы қоймаларға қосыңыз.

**Сипаттама**

Артқы
қойма—Сыйымдылық....................350 мл
(11,8 унция)

Алдыңғы
қойма—Сыйымдылық....................630 мл
(21,3 унция)

8. Тексеру/толтыру қақпақтарын қайта орнатыңыз.




H114326 —UN—05JUN15




H99162 —UN—22NOV10

*Алдыңғы қойма көрсетілген*

**A—Артқы төгу қақпағы**
**B—Алдыңғы төгу қақпағы**
**C—Артқы тексеру/толтыру қақпағы**
**D—Алдыңғы тексеру/толтыру қақпағы**

9. Қалған шалғыштың беріліс қораптары үшін қайталаңыз.

DM84283,00006FA -KK-22MAY15-2/2

## Жүгері жинағыш тіркемесі

Жүгері жинағыш тіркемесінің жұмыс ақаулықтарының көпшілігі тиісті емес баптаудан болатынын анықтауға болады. Төмендегі ақаулықтарды жою кестесі мәселелер пайда болғанда ықтимал себепті және ұсынылған шешімді беріп, көмектесуі мүмкін. Мәселені шешуге тырысқанда, қайнар көздің мәселе бар жерден басқа жерде емес екенін тексеріңіз.

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| **Алқапта масақ дәнінің жоғалуы** | Нүктелердің ұштары тым жоғары орнатылған. | Нүктелерді сошниктің сүйреу тақтасы жерден 1 дюйм жоғары болғанда, ұштар жерге аздап тиетіндей баптаңыз. |
| | | Төмен масақтарды жинағанда, жинауыш нүктелердің алдыңғы ұшын көтеріңіз және жүгері жинағыш тіркемесін сүйреу тақталарын жерге төмен күйде істетіңіз. |
| | Жолдағы жылдамдық тым тез немесе тым төмен. | Алқап және жол жағдайларына сай жылдамдықпен жүргізіңіз. Тым үлкен жолдағы жылдамдық сабақтарды алға бүгіп, масақтардың жинауыш шынжырлардың алдында құлауына себеп болады. Төмен жолдағы жылдамдық жинауыш шынжырлардың тартып, масақтарды кеседі. Масақтар хедерден сырғып түседі. |
| | | Жинауыш шынжырлар сабақтарды сабақ роликтеріне бағыттайтын жылдамдықпен жүргізіңіз. |
| | Сепкіш жолақтары жиналмайды. | Масақ жоғалтуды барынша азайту үшін себілген жолақтармен жүріңіз. |
| | Сошниктер жолақтардың ортасында емес. | Жүгері жинағыш тіркемесінің жолақ аралығын алқаптағы дәннің жолақ аралығына тең етіп баптаңыз. |
| | Масақтар жинауыш шынжырларының үстінен сырғып шығуда. | Тозған масақ сақтағыштарды ауыстырыңыз немесе масақ сақтағыштарды орнатыңыз. |
| | Жинауыш шынжырдың жылдамдығы тым тез немесе тым баяу. | Жылдамдығы өзгермелі беріліс механизмі корпусының жылдамдығын өзгертіңіз немесе комбайнның жолдағы жылдамдығын баптаңыз. |
| **Сабақ роликтерінде масақтардың жиналуы** | Негіздік тақталар дұрыс бапталмаған. | Негіздік тақталарды баптаңыз. Негіздік тақталар арасындағы саңылауды азайтыңыз. |
| | Машина тым жоғары жұмыс істеуде. | Нүкте ұшын көтеріңіз және басты төмен жүргізіңіз. |

Келесі бетте жалғасады KR43067,0000758 -KK-01DEC10-1/3

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| **Комбайнның артынан қабығы бар дән шығуда** | Жүгері жинағыш тіркемесінен қоқыс шамадан тыс көп алынады. | Өзгермелі жетек немесе бекітілген жетек комбайнының жылдамдығын арттырыңыз. |
| | | Жүгері жинағыш тіркемесіндегі негіздік тақта аралығын ашыңыз. |
| **Тесік арқылы масақтар шығуда** | Масақ сақтағыштар тозған. | Масақ сақтағыштарды ауыстырыңыз. |
| **Дән сабақтарын жоғары тарту** | Негіздік тақталар бір біріне тым жақын орнатылған. | Негіздік тақталарды сабақтар роликтер арқылы еркінірек берілгенше жайлап ашыңыз. |
| | Жинауыш шынжыр жылдамдығы үшін тым тез жүру. | Жинау жағдайларына сай болатындай баяулаңыз немесе сошник жетегінің жылдамдығын арттырыңыз. |
| | Шинауыш шынжыр түйіндері дән сабағының тамырын қазуда. | Нүкте ұшын төмендетіңіз және басты жоғарырақ ұстаңыз. |
| | Дән тым құрғақ немесе төмен. | Масақ сақтағыштарды алыңыз. |
| | Сабақ роликтері тозған. | Сабақ роликтерін ауыстырыңыз. |
| **Бітелу** | Сабақ роликтерінде немесе негіздік тақталарда сабақтар сынуда. | Негіздік тақталардың тесігін баптаңыз. Сондай-ақ, негіздік тақталарын бірдей орнатылғанын және роликтердің ортасына тураланғанын тексеріңіз. |
| | Сабақ роликтерінің айналасына қоқыс оралады. | Қоқыс пышақтарын сабақ роликтеріне жақынырақ орнатыңыз. |
| | Жинауыш шынжырлар бос. | Жинауыш шынжыр жұлдызшаларының тозуын тексеріңіз. Жинауыш шынжырдың керілісін баптаңыз. |
| | Сепкіш жолақтары жиналмайды. | Масақ жоғалтуды барынша азайту үшін жолақтармен жүріңіз. |
| | Жолдағы жылдамдық тым тез. Материал жүгері жинағыш тіркемесінен асуда. | Түсім және жол жағдайларына сай жылдамдықпен жүргізіңіз. Тезірек жылдамдық бітелуді тудырады. |
| | Шнекте материал ақпайды. | Шнек корпусында кедергілер мен қаттылық бар-жоғын тексеріңіз. Шнекте шнек түйіні мен еедні арасында 22 мм (7/8 дюйм) аралық бар екенін тексеріңіз. Шнекте шнек түйіні мен масақ теруші арасында 6 мм (1/4 дюйм) аралық бар екенін тексеріңіз. |

Келесі бетте жалғасады

KR43067,0000758 -KK-01DEC10-2/3

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| | Жинауыштың тесігінде дән сабақтары бітелуде. | Масақ сақтағыштарды алыңыз. |
| | Сабақ роликтері тозған. | Тозған сабақ роликтерін ауыстырыңыз. |
| **Әлсіреген немесе сынған сабақтардан масақ дәнінің жоғалуы. Мәселені ауру (сабақтың шіруі) немесе жәндіктер (дән тескіштер) тудырған** | Сабақтың масақ сақтағыштарға тиюі. | Масақ сақтағыштарды алыңыз. |
| | Жолдағы жылдамдық тым тез. | Жолдағы жылдамдықты азайтыңыз. |
| | Беріліс механизмі корпусының жылдамдығы дұрыс емес. | Әр түрлі беріліс механизмі корпусының жылдамдықтарын пайдаланып көріп, жағдайлар үшін дұрыс жылдамдықты табыңыз. |
| | Сабақ роликтері тозған. | Сабақ роликтерін ауыстырыңыз. |

KR43067,0000758 -KK-01DEC10-3/3

## Active Header Control (AHC)

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| **Active Header Control (AHC) жұмыс істемейді** | Қолмен көтеру немесе төмендету жұмыс істемейді. | John Deere дилеріне хабарласыңыз. |
| | Active Header Control қосылмаған. | Қажетті Active Header Control режимін қосыңыз. |
| | Беріліс механизмі мен хедердің жалғағышты қосылмаған немесе бос. | Дұрыстап қосыңыз. |
| | Хедер датчигі дұрыс қосылмаған немесе зақымдалған. | Датчикті қосыңыз немесе жөндеңіз. |
| **Active Header Control (AHC) төмендейді, бірақ көтерілмейді** | Active Header Control релесі немесе Active Header Control картасы зақымдалған. | John Deere дилеріне хабарласыңыз. |
| **Active Header Control көтеріледі, бірақ төмендемейді** | Active Header Control релесі немесе Active Header Control картасы зақымдалған. | John Deere дилеріне хабарласыңыз. |
| | Басқару білігі шектеулі. | Шектеуді тексеріңіз. |
| | Авто тастау жылдамдығы клапаны жабық. | Бір қатардағы клапанды баптаңыз. |
| **Жүйе өшіп, қосылады немесе алға-артқа қозғалады** | Тастау жылдамдығын баптау дұрыс емес. | Бір қатардағы клапанды баптаңыз. |
| | Аккумулятор параметрі дұрыс емес. | Комбайнның Механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз. |
| **Хедерді кедергі үстінен қолмен көтеруден кейін жүйе үзік-үзік істен шығады** | Жүйе өшірілді. | Қайта іске қосу үшін мультифункционалды басқару тұтқасындағы белсендіру түймешігін басыңыз. |
| **Хедер тым баяу немесе тым жылдам көтеріледі не төмендейді** | Тастау жылдамдығын баптау дұрыс емес. | Клапандар блогының тастау жылдамдығын баптаңыз. |
| | Бір қатардағы клапан мәселесі. | John Deere дилеріне хабарласыңыз. |

KR43067,0000759 -KK-01DEC10-1/1

## Гидравликалық цилиндрдің қауіпсіздік тіреуіші

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.**

**Гидравликалық жолақ фитингілерінен төменгі беріліс механизмінің корпусына дейін бүлінуі беріліс механизмі корпусы мен хедердің дереу төмен түсуіне әкеледі.**



TS696 —UN—21SEP89

### Беріліс механизмі корпусын алға/артқа қолмен еңкейту

Беріліс механизмінің корпусын толығымен көтеріңіз және гидравликалық цилиндр штогына қауіпсіздік тіреуішін (А) түсіріңіз.

Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.




H112829 —UN—18FEB15

### Гидравликалық беріліс механизмі корпусын алға/артқа еңкейту

Беріліс механизмінің корпусын толығымен көтеріңіз және гидравликалық беріліс механизімін алға/артқа еңкейтіңіз, жақтауды толығымен артқа еңкейтіңіз және қауіпсіздік тіреуішін (А) гидравликалық цилиндр штогына түсіріңіз.

Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.




H90891 —UN—26FEB08

**А—Қауіпсіздік тежеуіші**

*ЕСКЕРТУ: Беріліс механизмі корпусы көтерілгенде және хедер қосылғанда, беріліс механизмі корпусын алға/артқа еңкейту автоматты түрде алға жылжып, беріліс механизмінің қауіпсіздік тіреуішке гидравликалық цилиндр штогына төмендеуге мүмкіндік береді. Беріліс механизмі корпусын алға/артқа еңкейту автоматты түрде соңғы белгілі күйге төмендеген кезде оралады.*

*Хедер ажыратылған кезде, беріліс механизмінің корпусын алға/артқа еңкейтуі автоматты түрде алға көтеріліп жылжиды. Беріліс механизмі корпусынының алға/артқа еңкейтуі төмендеген кезде соңғы белгілі күйіне оралмайды.*

OUO6038,0002401 -KK-15OCT15-1/1

## Сабақ роликтерін алу және орнату

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Кез келген жұмысты орындау алдында жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін қосыңыз.**

1. Істік (A) орнына сырғымағанша жинауыш нүктесін көтеріңіз.

**МАҢЫЗДЫ: Нүктелер комбайнның алдыңғы айнасын зақымдауы мүмкін. Қалқандарды жақтаудың артқы жағы арқылы баспаңыз.**

2. Ысырма тақтасын (B) тартыңыз да, жинауыш қалқанын көтеріңіз.
3. Сошниктерге қол жеткізу үшін қажетінше қайталаңыз.




**A—Істік** **B—Ысырма тақта**

SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-1/7

4. Бұрандалар, шайбаларды (A) және қоқыс пышақтарын (B) сошник жақтауының астыңғы жағынан алыңыз.

**A—Бұрандалар және шайбалар (8 пайдаланылған)** **B—Қоқыс пышағы (2 пайдаланылған)**




Келесі бетте жалғасады SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-2/7

*ЕСКЕРТУ: Сабақ роликтерінің айналуын болдырмау үшін роликтер артқы жақтарының арасында 13 мм (1/2 дюйм) болат тақтаны (C) пайдаланыңыз.*

*Сол жақ бекіту гайкасын алу кезінде тақтаны үстінен енгізіңіз.*

*Оң жақ бекіту гайкасын алу кезінде тақтаны астынан енгізіңіз.*

5. Бекіту гайкаларын (B) алыңыз және тастаңыз.
6. Гайка артындағы сфералық шайбаны алыңыз да, бекітіңіз. Шайбаның тот басқанын немесе зақымдалғанын тексеріңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.

**A—Сабақ роликтері**
**B—Бекіту гайка және сфералық шайбасы**
**C—Болат тақта**



H93698 —UN—19MAR09



H100222 —UN—14FEB11

*Сол жақ бекіту гайкасын алу көрсетілген*

SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-3/7

**МАҢЫЗДЫ: Алудың алдында сәйкестендіру белгілерді сабақ ролигінің бетіне және білікке орнатыңыз. Сабақ роликтері алынған күйлеріне дәл орнатылуы тиіс.**

7. Сабақ ролигінің спиралінің артындағы екі саңылауды (A) табыңыз. (2 мм) тегершік тартқышын саңылауларға бекіту арқылы сабақ ролигін біліктен алыңыз.
8. Білік ұшында, қималарында және оймаларындағы барлық кір мен коррозияны тазалаңыз. Сабақ роликтерінде тозу немесе зақымның бар-жоғын тексеріңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.

**A—Сабақ роликтерінің алынатын саңылаулары**



H100568 —UN—03MAR11

**Келесі бетте жалғасады**

SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-4/7

**МАҢЫЗДЫ: John Deere Service Parts бөлімінен жаңа гайкаға тапсырыс беру керек.**

9. Сабақ ролигінің бекіту гайкасында (A) алдын ала орнатылған ирек ойманы желімдеу жолағы (B) бар және оны қайта пайдалануға болмайды.

**A—Ұстағыш бұрандасы** **B—Ирек ойманы желімдеу пластырі**




Келесі бетте жалғасады SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-5/7



H97519 —UN—04AUG10

*Сабақ ролигінің айқас бөлігі көрсетілген*



H10114 —UN—18APR11

10. Сабақ ролигінің және біліктің бетінде жасалған сәйкестендіру белгілерін пайдаланып сабақ роликтерінің (A) екеуін де біліктерге (B) бір мезгілді орнатыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Шайбаның тегіс бетінің бағыты сабақ ролигінен басқа жақта болуы КЕРЕК.**

11. Алдында алынған сфералық шайбаны (C) және **жаңа** бекіту гайкасын (D) орнатыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Сабақ роликтерінің босатылуына жол бермеңіз. Айналдыру моменті және бұру процедурасын дәл орындаңыз.**

*ЕСКЕРТУ: Сабақ роликтерінің айналуын болдырмау үшін роликтер артқы жақтарының арасында 13 мм (1/2 дюйм) болат тақтаны пайдаланыңыз.*

12. Бекіту гайкасын сипаттамаға сәйкес бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Сабақ ролигінің бекіту гайкасы—Айналдыру моменті....................................................................135 Н•м + 60° бұру
(100 фунт-фут + 60° бұру)

a. Гайканы сипаттамаға сәйкес бекемдеу үшін калибрленген айналдыру кілтін пайдаланыңыз.

b. Сабақ ролигін бекіту гайкасының (E) бір бұрышынан белгілеңіз.

c. Сабақ ролигін, сағат тілімен, гайканың (F) келесі бұрышынан белгілеңіз.

d. Ұяшықты бекіту гайкасына орнатыңыз және бірінші белгіні (E) ұяшықтың қабырғасына дейін ұзартыңыз

e. Ұяшықтағы белгі сабақ ролигіндегі (F) екінші белгіге дейін жетпегенше гайканы (G) бекемдеңіз.



H101374 —UN—05MAY11



H101375 —UN—05MAY11

**A—Сабақ ролигі**
**B—Білік**
**C—Сфералық шайба**
**D—Ұстағыш бұрандасы**
**E—Алты қырлы гайканың бұрышындағы белгі**
**F—Алты қырлы гайканың келсі бұрышындағы белгі (сағат тілімен)**
**G—60° бұру**

f. Қалған сабақ ролигінде қайталаңыз.

**Келесі бетте жалғасады** SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-6/7

13. Бұрандалар және шайбаларды (A) пайдаланып қоқыс пышақтарын (B) орнатыңыз.
14. Қоқыс пышақтарын баптаңыз ("БАПТАУЛАР" бөлімінде "ҚОҚЫС ПЫШАҚТАРЫН БАПТАУ" мақаласын шқараңыз).




H94250 —UN—10JUN09

**A—Бұрандалар және шайбалар (8 пайдаланылған)**
**B—Қоқыс пышағы (2 пайдаланылған)**

SS43267,00000C7 -KK-25MAY12-7/7

## Жинауыш шынжырларды және жұлдызшаларды қосымша тозу үшін аудару

Жинауыш шынжырларды және жұлдызшаларды қосымша тозу үшін аударуға болады. Мұны барлық сошниктерде бір уақытта істеу керек.

1. **Жинауыш шынжырларды және жұлдызшаларды ауыстыру үшін:**

*ЕСКЕРТУ: Жинау кезінде тиісінше орнату үшін әр шынжыр және жұлдызшаның алынған жағын белгілеңіз.*

   a. Жинауыш шынжырларды (A және B) алыңыз — (бұл бөлімдегі ЖИНАУЫШ ШЫНЖЫРДЫ АЛУ ЖӘНЕ ОРНАТУ мақаласын қараңыз).
   b. Жетек жұлдызшаларын (C және D) алыңыз.
   c. Жетек жұлдызшаларын алынған жағына қарама-қарсы білікке орнатыңыз.
   d. Жұлдызшаларлы алыңыз (E және F).
   e. Жұлдызшаларды алынған жағына қарама-қарсы білікке орнатыңыз.
   f. Әр жинауыш шынжырын үстімен аударып, алынған жағына қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.
2. Қалған сошниктерде қайталаңыз.




H99116 —UN—17NOV10

**A—Жинауыш шынжыр**
**B—Жинауыш шынжыр**
**C—Жетекші жұлдызша**
**D—Жетек жұлдызшасы**
**E—Жұлдызша**
**F—Жұлдызша**

KR43067,0000739 -KK-18NOV10-1/1

## Жинауыш шынжырын алу және орнату

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Хедердің астында жұмыс істеудің алдында жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріп, моторды өшіріңіз, тұрақ тежеуішін орнатып, кілтті алыңыз және беріліс корпусының қауіпсіздік тіреуішін түсіріңіз.**

Жинағыш шынжырдың керу құралын баптау уақыты келгенде немесе шынжыр істен шықса, жаңа шынжырға ауыстырыңыз. Ауыстыру мерзімі қысқармауы үшін, жетек жұлдызшасы мен шкив жұлдызшасының жинағын да ауыстырыңыз.

Жинауыш шынжырлары шынжырды үзбей, сошник құрамдастарына қызмет көрсету үшін алына алады.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Гайка (A) қосымша тіреу скобасының (B) аяғының астында бекемделмегенше шынжыр жетек жинағының құрамдастарына қызмет көрсетпеңіз.**

1. Жинауыш шынжыр берілісін босату үшін гайканы (A) ол қосыша тірек скобасының (B) тіреуіне жеткенше бұрыңыз.




H99117 —UN—17NOV10

A—Гайка
B—Скоба тіреуі
C—Бұранда
D—Жинауыш шынжыр

2. Шынжырда қалған керілісті босату үшін, қажет болса, бұранданы (C) босатыңыз.
3. Жинауыш шынжырды (D) алыңыз.
4. Жинауыш шынжырын кері ретпен орнатыңыз.

SS43267,000068D -KK-24JUL15-1/1

## Майжинағышты алу және орнату

1. Жүгері жинағыш тіркемесін толығымен көтеріңіз және беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішін қосыңыз.
2. Майды қыздыру үшін хедерді қысқа уақыт бойы жұмыс істетіңіз.

*ЕСКЕРТУ: Сұйықтықты таза ыдыста сақтаңыз және тиісінше тастаңыз.*

3. Майды төгу үшін төгу қақпағын (A) алыңыз, қауіпсіздік тіреуішін өшіріңіз және жүгері жинағыш тіркемесін төмендетіңіз.

**МАҢЫЗДЫ: Майжинағыштағы қайта пайдаланылатын сальникті зақымдап алмаңыз. Майжинағыш пен жүгері жинағыш тіркемесі жақтауының арасында қою үшін үшкір заттарды пайдаланбаңыз.**

4. Бұрандалар, шайбаларды (B) және майжинағышты (C) алыңыз.
5. Майжинағыш (D) орнатылған жақтаудың шетінен бүкіл кір мен майды тазалаңыз.
6. Майжинағыштағы (E) тығыздатқыш таза және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қажетінше ауыстырыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Майжинағышты орнату кезінде жабдықты ортасында (F) орнатып, сыртқа қарай жылжыңыз.*

7. Бұрандалар және шайбаларды пайдаланып майжинағышты орнатыңыз. Сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Майжинағыш бұрандалары—Айналдыру моменті........30 Н·м (256 фунт-дюйм)




H99231 —UN—30NOV10




H99234 —UN—30NOV10




H99235 —UN—30NOV10

**A—Төгу қақпағы**
**B—Бұранда және шайба (15-і пайдаланылады)**
**C—Майжинағыш**
**D—Жақтаудың беті**
**E—Қаптама**
**F—Ортаңғы саңылау**

Келесі бетте жалғасады

DM84283,00006FB -KK-22MAY15-1/2

8. Төгу қақпағын (A) орнатыңыз.

9. Тексеру қақпағын (B) және қолжеткізу есігін (C) алыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Май деңгейін жүгері жинағыш тіркемесі комбайнда болғанда және жинауыш нүктелері жерге тиіп тұрғанда (шамамен 25 градус бұрышпен) тексеру керек.**

10. Қолжеткізу есігінің саңылауы (D) арқылы SAE 80/90 беріліс майын тексеру қақпағы саңылауының (E) төменгі жағымен бір деңгейде болғанша қосыңыз.

**Сипаттама**

Майжинағыш—Сыйымдылық........0,9 л
(1 кварта)

*ЕСКЕРТУ: Қолжеткізу есігінің тығыздауышының таза және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.*

11. Сошник жетегінің шынжыр корпусын орнатыңыз және тығынды тексеріңіз. Жабын бұрандаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Сошник шыншырының жабыны—Айналдыру моменті........17 Н·м
(150 фунт-дюйм)

**A—Төгу қақпағы**
**B—Тексеру тығыны**
**C—Қол жеткізу есігі**
**D—Толтыру орны**
**E—Төгу қақпағының тесігі**



H99231 —UN—30NOV10



H99232 —UN—30NOV10



H99233 —UN—30NOV10

DM84283,00006FB -KK-22MAY15-2/2

## Тозу таспаларын алу және орнату



H88972 —UN—23JUL07

1. Гайка мен шайбаны (A) алыңыз.
2. Болт пен шайбаны (B) алыңыз.
3. Тозу таспасын (C) алыңыз.
4. Жаңа тозу таспасын кері ретпен орнатыңыз.

**Сипаттама**

Тозу таспасының гайкасы—Айналдыру моменті.......... 10 Н·м (7,38 фунт-фут)

**A—Гайка және шайба**
**B—Болт және шайба**
**C—Тозу таспасы**

KR43067,000026C -KK-24APR09-1/1

## StalkMaster™ шалғыш пышағының жүздерін алу және орнату



H96454 —UN—19MAY10

**A—Құлыптау гайкасы (2-і пайдаланылады)**
**B—Шайба (2-і пайдаланылады)**
**C—Дөңгелек басты бұранда (2-і пайдаланылады)**
**D—Төменгі орнату тақтасы**
**E—Втулка (2-і пайдаланылады)**
**F—Шалғыш жүзі (2-і пайдаланылады)**

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Пышақтардың екі кесетін жиектері бар және ауыр жарақат тигізуі мүмкін. Пышақтарды ұстағанда қолғап киіңіз.**

**МАҢЫЗДЫ: StalkMaster шалғыш пышағының жүздерін әр шалғыш беріліс қорабында жұптармен ауыстыру керек.**

*ЕСКЕРТУ: StalkMaster шалғыш пышақтары – тозатын заттар. Қосымша тозуы үшін пышақтарды аударуға болады. Дұрыс сабақ шалу мүмкіндігін сақтау үшін пышақтарды қажетінше аударыңыз немесе ауыстырыңыз.*

*Тозған, өтпен немесе зақымдалған пышақтар – жүгері жинағыш тіркемесінің қуатты тұтынуына және сабақтарды шалу сапасына әсер ететін факторлар. Екеуі де астық жинау жылдамдығын шектеуі мүмкін. Шалғыш пышақтарының күтілген тозу мерзімі механик-жүргізушінің астық жинау жағдайларына және жұмыс әдеттеріне байланысты өзгеріп отырады.*

1. Құлыптау гайкаларын (A), шайбаларды (B), бұрандаларды (C), төменгі орнату тақтасын (D), втулкаларды (E) және шалғыш жүздерін (F) алыңыз.
2. Жүздерді аударыңыз немесе ауыстырыңыз.
3. Бүкіл арматурада және втулкаларда шамадан тыс тозудың бар-жоғын тексеріңіз де, қажет болса ауыстырыңыз. Жүздерді аударғанда құлыптау гайкаларын қайта пайдалануға болады. Пышақтарды ауыстырғанда құлыптау гайкаларын ауыстыру керек.
4. Құрамдастарды алуға кері ретпен орнатыңыз. Сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Сипаттама**

Шалғыш жүзінің бұрандалары—Айналдыру моменті.......... 130 Н·м (96 фунт-фут)

KR43067,00005B1 -KK-19MAY10-1/1

## Пая шамының лампочкасын ауыстыру

1. Пая шамының (A) орнату арматурасын босатыңыз.
2. Шамдар жинағынан сымдарды ажыратыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Лампочкаға саусақтарды, майды немесе суды ТИГІЗБЕҢІЗ.*

3. Корпустан (C) босату үшін лампочка негізін (B) айналдырыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Лампочка негізден бөлінбейді. Негіз бен лампочка жиыны бір бөлік ретінде ауыстырылады.*

4. Корпусқа жаңа лампочка негізін орнатыңыз.
5. Сымдарды қосыңыз, шамның тураланнуын тексеріңіз және орнату арматурасын бекемдеңіз.

**A—Пая шамы**
**B—Лампочка негізі**
**C—Корпус**




H95830 —UN—25MAR10




H94014 —UN—13MAY09

KR43067,0000562 -KK-20JUL15-1/1

## Хедердің ескерту шамының лампочкасын ауыстыру

1. Линзаны (A) абайлап шығару үшін тегіс жүзді бұрауышты пайдаланыңыз.
2. Алу үшін лампочканы (B) итеріңіз де, бұраңыз.
3. Жаңа лампочканы орнатыңыз.
4. Алдында алынған линзаны шам корпусына орнатыңыз.

**A—Линзалар**
**B—Шам**




H93046 —UN—31OCT08

KR43067,000038D -KK-11MAY09-1/1

## Маусымдық қызметтің соңы

1. Жүгері жинағыш тіркемесін беріліс механизмі корпусының қауіпсіздік тіреуішіне, ағаш блоктарға немесе жерге түсіріңіз.
2. Соңғы қанаттарды, жинауыш нүктелерді және палубалы люк қақпақтарын ашыңыз (процедураларды "Жүгері жинағыш тіркемесін басқару" бөлімінен қараңыз).

**МАҢЫЗДЫ: Ішпектерге немесе су зақымдауы мүмкін кез келген басқа аймаққа жоғары қысымды жуу спрейін тікелей қолданбаңыз. Жоғары қысымды су көптеген тығыздауыштардан өтіп, зақым тигізуі мүмкін. Осы аумақтарды құрғатыңыз, содан кейін машинаны майлаңыз және іске қосыңыз.**

3. Жүгері жинағыш тіркемесін мұқият тазалаңыз. Топан мен кір ылғалды жинайды және тот басуды тудырады.
4. Барлық беріліс қораптарында және шынжыр жетектерінде сұйықтық деңгейлерін тексеріңіз.
5. Жүгері жинағыш тіркемесін осы нұсқаулықтың "Майлау және техникалық қызмет көрсету" бөлімінде сипатталғандай майлаңыз. Баптау болттарының ирек оймаларын майлаңыз.
6. Бояу тозған немесе түскен барлық жерлерді бояңыз.
7. Жинауыш нүктелерде, негіздік қақпақтарда және соңғы торларда полимер қорғауышты пайдаланыңыз.
8. Барлық қалқандарды жабыңыз.
9. Мүмкін болса, жүгері жинағыш тіркемесін құрғақ жерге қойыңыз.
10. Келесі маусым үшін қажет жөндеу бөлшектеріне тапсырыс беріңіз.

**StalkMaster™ жүгері жинағыш тіркемелері ғана:**

- Барлық қоқысты шалғыш күпшек айналасынан қылшақпен және сығылған ауамен тазалаңыз.
- Барлық шалғыш беріліс қораптарындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.

*ЕСКЕРТУ: "Майлау және қызмет көрсету" бөліміндегі " "StalkMaster™ беріліс қорабының майын тексеру" (жабдықталған болса) тақырыбын қараңыз.*

- Шалғыш беріліс қораптарын "Майлау және техникалық қызмет көрсету" бөліміндегі "Шалғыш беріліс қорабындағы майды ауыстыру" тақырыбында сипатталғандай майлаңыз.
- Шалғыш күпшектің ішкі бетін тоттануға қарсы спреймен қорғаңыз (TY22032 қорғаныс спрейі немесе баламасы ұсынылады).

*StalkMaster – Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

SS43267,0000319 -KK-18NOV13-1/1

## Маусымдық қызмет көрсетудің басы

1. Соңғы торларды, жинауыш нүктелерді және негіздік қақпақтарды ашыңыз (процедураларды "ЖҮГЕРІ ЖИНАҒЫШ ТІРКЕМЕСІН БАСҚАРУ" бөлімінен қараңыз).

**МАҢЫЗДЫ: Ішпектерге немесе су зақымдауы мүмкін кез келген басқа аймаққа жоғары қысымды жуу спрейін тікелей қолданбаңыз. Жоғары қысымды су сальниктердің көпшілігінен өте алады және зақым тигізуі мүмкін. Осы аумақтарды құрғатыңыз, содан кейін машинаны майлаңыз және іске қосыңыз.**

2. Сақтағанда машинада жиналған бүкіл кірді немесе қоқысты жуыңыз.
3. Сошникте, шнек жетегінде және жинауыш нүктелерде тиісті керілісті баптаңыз (осы нұсқаулықтың "БАПТАУЛАР – ЖҮГЕРІ ЖИНАҒЫШ ТІРКЕМЕСІ" бөлімін қараңыз).
4. Барлық беріліс қораптарында және шынжыр жетектерінде сұйықтық деңгейлерін тексеріңіз.
5. Жүгері жинағыш тіркемесін осы нұсқаулықтың «Майлау және техникалық қызмет көрсету» бөлімінде сипатталғандай майлаңыз. Баптау болттарының ирек оймаларын майлаңыз.
6. Бүкіл арматура сипаттамға сай бекемделгенін және бүкіл мұрындық болттар жайылғанын тексеріңіз.
7. Қалқандарды, торларды және нүктелерді жабыңыз.
8. Жүгері жинағыш тіркемесін бірнеше минут бойы жарты жылдамдықпен жұмыс істетіңіз. Шамадан тыс қызған ішпектердің, беріліс қорабының ағатын жерлерінің немесе бос шынжырлардың бар-жоғын тексеріңіз.
9. Жүгері жинағыш тіркемесін машинаға калибрлеңіз (осы нұсқаулықта «КАЛИБРЛЕУ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАУ» бөлімін қараңыз).
10. Механик-жүргізуші нұсқаулығын қарап шығыңыз.

KR43067,0000564 -KK-25MAR10-1/1

## Сипаттамалар

Бұл нұсқаулықта берілген сипаттамалар тек қызмет көрсетуге арналған және қалыпты зауытта жасап шығару төзімдіктерін қамтымайды.

| Сипаттамалар | |
|---|---|
| **Құрамдас бөлік** | **Сипаттама** |
| Жинауыш нүктелер | Төмен профильді қалқитын түрі, жинауыш шынжырлардың үстінде ілінген. Perma-Glide™ (полиэтилен) материалы. |
| Қалқандар және сыртқы жинауыштар | Ілінген, алынады. Тіреулі саңылау (қалқандарды). Perma-Glide (полиэтилен) материалы. |
| Жинауыш шынжырлар | Ауыр режимдегі шексіз болат ролик шынжыры (негізгі байланыс тізбегі жоқ). Алдын ала орнатылған болат тіректері. |
